

«ҮЛКЕН
ЖИЙРМАЛЫҚ»
САММИТІ

жаһандық
басқаруды қалай
өзгертпек?

3



Иран–Израиль:
ҚАРУЛЫ
ҚАҚТЫҒЫС

қатерге бастап барады

3



АТОМ ДӘУІРІ

Байыпты шешім
қабылдау маңызды

7

МЕГАПОЛИС

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Алматыда әлеуметтік нысандар жылуға 7 қазаннан бастап қосылады

Алматыда 7–11 қазан аралығында нысандарды орталық жылу жүйесіне қосу жоспарлануда. Бірінші кезекте жылу әлеуметтік мекемелерлерге, оның ішінде балабақшаларға, мектептерге және медициналық-әлеуметтік нысандарға берілетін болады. Қазіргі кезде жылыту маусымына дайындық 99%-ды құрайды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«АлТС» ЖШС қазірдің өзінде айналым режимін іске қосуға дайын, бұл қажет болған жағдайда жылу беруді жедел бастауға мүмкіндік береді. Коммуналдық кәсіпорын материалдық-техникалық базадан бастап бригадаларға арналған арнайы техника мен киімге дейін барлық қажетті заттармен толық жабдықталған, олар ықтимал авариялар мен технологиялық іркілістерді жоюмен айналысатын болады.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша биыл жылыту маусымына дайындық аясында қаланың алты ауданында 20 км жылу желілері қайта жаңартылды. Мамандар желілерді сынау мен жөндеуді сәтті аяқтап, сорғы жабдықтарын жаңартты. Барлығы 69 сорғы станциясы және 24 резервуар-аккумулятор дайындалды, бұл ыс-

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №84 (6535) 4 қазан, жұма, 2024 жыл. | www.aqshamnews.kz

12+



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ШАРУАҒА ШИРАҚ ӘРІ ЕЛГЕ ЖАНАШЫР

азаматтардың әкім болғаны дұрыс



МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ФОРУМЫ

Мемлекет басшысы барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттарының II республикалық форумында сөз сөйледі

« Жергілікті атқарушы билікке жаңа буын өкілдері көптеп келе бастады. Кәсіпкерлердің, қоғамдағы белсенді азаматтардың, жастардың арасынан шыққан әкімдер аз емес. Қазір олар ел басқару ісін үйреніп, тәжірибе жинап жатыр. Жедел шешім қабылдап, жұмысты дер кезінде ұйымдастыруға бейімделіп келеді... Шаруаға ширақ әрі елге жанашыр азаматтардың әкім болғаны дұрыс. Оларға жан-жақты қолдау көрсету керек. Әсіресе, мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесе жұмыс істегені жөн. Өйткені, оларды мемлекеттің жергілікті жердегі қос тірегі деуге болады... »

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

4.10.2024

Түнде: +8+10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +18+20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

5.10.2024

Түнде: +10+12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз: +22+24 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

www.aqshamnews.kz



тық су желісіндегі ең жоғары жүктемелерді теңестіруге мүмкіндік береді.

Ақауларды жедел жою үшін 2024-2025 жылдарғы жылыту маусымында қажетті апатты материалдар мен жабдықтар қоры жасалған. Апатты жағдайлар кенеттен болған кезде оларды жоюмен 16 апатты және жөндеу бригадалары жұмыс жасайды, олардың құрамында 220 адам мен 56 техника бар. Сондай-ақ, 33 учаскенің пайдаланылатын 7 ауданындағы 714 адам жұмыс істеуге дайын.

Еске салсақ, Алматыда жылыту маусымы әдетте 15 қазаннан басталатын, бұл кезде сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы бес күн ішінде +8 градусқа дейін немесе одан төмен түседі. Осыдан кейін жергілікті атқарушы органдар жылыту маусымын бастау туралы шешім қабылдайды. Өткен жылы жылу 10 қазаннан бастап берілген болатын.

Жылууды қосу кезең-кезеңімен жүреді:

– Әлеуметтік нысандар (балабақшалар, мектептер, медициналық мекемелер);

– Тұрғын үйлер, жатақханалар, қонақүйлер;

– Әкімшілік ғимараттар, оқу орындары, театрлар;

– Басқа ғимараттар.

Тұтынушыларға энергия беруші ұйым жылыту маусымының басталғаны туралы хабарлайды, ал апаттық және сервистік қызметтер объектілерде жылууды қосу жөніндегі нұсқаулықтарды алады.



МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫ МЕН ӘКІМДЕР

мемлекеттің жергілікті жердегі қос тірегі

(Басы 1-бетте)

Ауқымды шаралар, нақты нәтижелер

Президент Мәслихаттың мемлекеттік биліктің өте маңызды тармағы екенін атап өтті. Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түскеніне, оның нақты нәтижелеріне тоқталды.

Мемлекет басшысы 2022 жылы референдум арқылы Конституцияға маңызды өзгерістер енгізілгеніне, соның нәтижесінде Парламенттің рөлі айтарлықтай күшейгеніне, жалпы билік институттарының жұмысын жетілдіру үшін нақты шаралар қабылданғанына назар аударды.

— Онда жергілікті өкілді билікке қатысты мәселелер де бар. Атап айтсақ, облыстық мәслихат сайлауы аралас жүйе арқылы өтеді. Ал аудандық депутаттар тек қана мажоритарлық тәсілмен сайланады. Бұл қадам еліміздің демократиялық жолмен дамуына зор серпін берді деп сеніммен айта аламыз. Ауқымды реформаның нәтижесінде саяси бәсеке жандана түсті.

Жаңа ережеге сай өткен сайлаудан кейін мәслихаттарға жаңа адамдар келді. Алты саяси партияның өкілдері депутат мандатына ие болды. Қазір мәслихат мүшелерінің оннан бірі ғана — партиялық тізіммен келген депутаттар. Қалғаны түзел — бір мандатты округтен сайланған азаматтар. Өзін-өзі ұсынған 434 адам депутат атанды. Ашығын айтсақ, бұрын саяси партиялар түрлі санаттағы азаматтармен жұмысқа көп көңіл бөлмейтін. Заңмен талап еткеннен кейін ғана мән бере бастады.

Мысалы, партиялық тізімде жасстарға арнайы квота бөлінді. Бұл шешім олардың қоғамдық-саяси үдеріске араласуына жол ашып берді. Бұрын мәслихаттағы жас азаматтардың үлесі 2 пайызға да жетпейтін. Қазір заңнамаға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде бұл көрсеткіш еселен артты деуге болады. Бүгін де ортамызда көптеген жас депутаттар отыр. Олар түрлі мінберден жасстарға қатысты өзекті мәселелерді батыл көтеріп жүр. Өкілді билікте әйелдердің қатары көбейе түсті.

Елімізде қыз-келіншектердің бастамаларына жан-жақты қолдау көрсетілуде. Әйелдердің құқығын қорғауға баса назар аударылып жатыр. Осының бәрі реформаның нақты нәтижесі екені сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру керек

Президент депутаттардың өкілді билік функциясын халықтың сеніміне сай жоғары деңгейде атқаруына қажет бірнеше мәселеге тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев, ең бірінші кезекте, мәслихат депутаттарының біліктілік деңгейін жоспарлы түрде арттыру керек деп санайды.

— Мәслихаттар — жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі негізгі институт. Сондықтан оның тиімділігі депутаттардың кәсібилігіне тікелей байланысты. Біліміне білігі сай депутаттар корпусын жасақтауға, ең алдымен, оларды ұсынған партиялар мүдделі болуы керек. Бүгін мәслихат депутаттарының біліктілігін жетілдіру туралы ұсыныс айтылды. Мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру үшін бұл бағытқа ерекше назар аудару қажет.



Бұған Мемлекеттік басқару академиясын тарту керек. Партиялар өз депутаттарының біліктілігін жетілдіру мақсатында Академиямен ынтымақтастық орнатқан жөн деп санаймын. Әрине, бұл жұмысты аймақтың ерекшеліктерін, халық қалаулыларының кәсіби және қоғамдық-саяси тәжірибесін ескере отырып ұйымдастыру қажет.

Сонымен бірге, депутаттар халықпен тікелей байланыс жасай білуге және өз жұмысы туралы қоғамды жан-жақты хабардар етуге тиіс. Мойындауымыз керек, бұл істе көзге көрініп тұрған кемшіліктер көп, — деді Президент.

Мемлекет басшысының пікірінше, мәслихаттардың жергілікті экономикалық саясатқа ықпалын арттыра түсу мәселесіне айрықша мән берген жөн.

— Қазір жаңа Бюджет және Салық кодекстері әзірленіп жатыр. Онда жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты реформаның ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Үкімет ауыл әкімдерінің бюджетін қалыптастыру және оны жұмсау тәсілдерін қайта қарауы керек. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің қаржылық дербестігін арттыру үшін нақты ұсыныстар әзірлеуі қажет. Кодекс жобаларын талқылауға мәслихаттар белсене

қатысқаны жөн. Жергілікті бюджет қаржысының дұрыс әрі тиімді бөлінуі өте маңызды. Депутаттар бұл мәселеге зор жауапкершілікпен қарауға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мақсат — халықтың тұрмыс сапасын жақсарту

Бұдан бөлек, Президент саяси партиялардың қоғамдағы өзекті мәселелерді шешуге бағытталған жобалары мен бастамаларына тоқталып, көктемгі алапат су тасқыны кезінде бекем бірліктің үлгісін көрсеткен партиялардың, өзін-өзі ұсынған депутаттардың азаматтық белсенділігіне оң баға берді.

— Партиялардың жалпыұлттық міндеттерді шешу ісіне жұмыла кірісетіні қуантады. Тоғыз мыңнан астам отбасы су басқан үйлерін жөндеуге және қалпына келтіруге төлем алды, алты мыңға жуық отбасына баспана сатып алуға қаржы бөлінді. Қысқа мерзім ішінде 2,5 мыңнан астам жаңа үй салынды. Жоспарланған 2680 үйдің 2620-сы пайдалануға берілді. Мұның барлығы — мемлекеттің, бизнестің және қоғамның бірлесе атқарып жатқан жұмысының нәтижесі. Мен саяси партиялар, мәслихаттар мен қоғамдық ұйымдар дәл осындай мызғымас бірлік-

те жұмыс істеуі керек деп санаймын. Түптеп келгенде, алдымызда тұрған мақсат — ортақ. Бұл — елімізді өркендету және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, — деді Президент.

Жаңа саяси ахуал қалыптасты

Мемлекет басшысы ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін тікелей сайлау жүйесі елімізде жаңа саяси ахуалдың қалыптасуына жол ашқанын атап өтті.

— Жергілікті атқарушы билікке жаңа буын өкілдері көптеп келе бастады. Кәсіпкерлердің, қоғамдағы белсенді азаматтардың, жастардың арасынан шыққан әкімдер аз емес. Қазір олар ел басқару ісін үйреніп, тәжірибе жинап жатыр. Жедел шешім қабылдап, жұмысты дер кезінде ұйымдастыруға бейімделіп келеді. Бұл қыста жылу-энергетика саласында күрделі жағдай болған кезде анық байқалды. Көктемдегі тасқын да кімнің қолынан іс келетінін нақты көрсетті. Шаруаға ширақ әрі елге жанашыр азаматтардың әкім болғаны дұрыс. Оларға жан-жақты қолдау көрсету керек. Әсіресе, мәслихат депутаттары мен әкімдердің бірлесе жұмыс істегені жөн. Өйткені оларды мемлекеттің жергілікті

жердегі қос тірегі деуге болады, деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Еліміздің орнықты дамуын онжылдықтарға ілгерілететін бастама

Президент бірнеше күннен кейін өтетін жалпыұлттық референдумның маңызына тоқталып, оған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының жарқын көрінісі деп баға берді.

— АЭС құрылысына қатысты өз ұстанымымыз бұған дейін бірнеше рет айттым. Әлемдегі прогрестен шет қалмау үшін біз бәсекелестікте өз артықшылықтарымызды пайдалануымыз керек. Азаматтар қолдап дауыс берсе, бұл Тәуелсіз Қазақстанның бүкіл тарихындағы ең ірі жобаға айналады. Атом электр станциясын салу — ұзақ-мерзімді жоба. Бірақ бұл бастама еліміздің орнықты дамуын онжылдықтарға ілгерілетеді, сондай-ақ инженерлер шоғыры мен әртүрлі бейіндегі мамандар легін даярлауға жағдай жасайды. Демек, оның пайдасын қазіргі жастарымыз бен болашақ ұрпақ көреді, — деді Президент.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, демократия үздіксіз жүретін үдеріс екеніне айрықша назар аударды. Президенттің пікірінше, әлемдегі кез келген табысты демократиялық қоғам айналасына бей-жай қарамайтын азаматтардың арқасында ғана дамиды, өміршең болады.

Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев келер ұрпаққа қажетті жағдай жасау ортақ парызымыз екеніне назар аударып, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құқықтарын қорғау, оларды жан-жақты дамыту мемлекеттік саясаттың ең басты басымдығы болып қала беретінін жеткізді.

Бақытты балалықтың негізі — отбасы институты

Президент бақытты балалықтың негізі отбасы институты екеніне тоқталып, ата-аналарды тәрбие мәселесіне салғырт қарамауға шақырды. Әсіресе, ұрпақтың цифрлық дүниелерге тәуелді болуы мен виртуалды әлемге шектен тыс құмартуы нағыз дертке айналып бара жатқанына алаңдаушылық білдіріп, керісінше, оларға ел ішіндегі шыннайы қаһармандарды насихаттау қажет екенін айтты.

— Мысалы, жақында өткен Дүниежүзілік олимпиададағы шахматшы қыздарымыздың жарқын жеңісі үлгі етуге тұрарлық. Біздің оқушылар математикадан, физикадан және басқа да пәндерден өткен олимпиадаларда жоғары нәтижеге қол жеткізіп жүр. Осындай талантты балаларды қолдап, олардың ұстаздарын ынталандыру керек.

Таяуда академик Асқар Жұмаділдаев осы тұрасында: «Біздің спортшылар Олимпиадаға барып, қарсыластарын төпелеп ұрып, танауын бұзып келеді. Кейін оларды әуежайда қарақұрым халық қарсы алып құттықтайды, тіпті пәтер мен көлік сыйлап жатады. Ал математика, физика, химия пәндерінен өткен халықаралық олимпиадаларда бірінші орын алған балаларымызға мұндай құрмет көрсетілмейді» деп орынды пікір білдірді, — деді Президент.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы қоғамда тазалық мәдениетін қалыптастырудың, Заң мен Тәртіп үстемдігін орнатудың маңыздылығы жөнінде пікір білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).





САРАПТАМА

«ҮЛКЕН ЖИЫРМАЛЫҚ» САММИТИ

жаһандық басқаруды қалай өзгертпек?

Биыл 18-19 қарашада Бразилияда G20 саммиті өтеді. Оған әлемнің жиырмадан астам экономикалық дамыған және дамушы мемлекеттердің басшылары қатыспақ. Қонақ ктуші мемлекет халықаралық клубтың биылғы төрағасы ретінде шараны ұйымдастырады. Оған дейін халықаралық саяси тәжірибеге сәйкес клубқа мүше мемлекеттердің сыртқы саяси ведомство басшылары кездеседі. Бұл кездесу БҰҰ Бас Ассамблеясының 79-шы сессиясы аясында өтті.

ІШТЕЙ КҮРДЕЛІ ТОП

G20 – «жиырмалық тобы» немесе «үлкен жиырмалық» деген атаулармен көпке белгілі. Ағылшынша «The Group of Twenty, major advanced and emerging economies». Атауы айтып тұрғандай, экономикасы дамыған және дамушы мемлекеттердің бірлестігі. 1999 жылы құрылған. 1997-1998 жылдардағы азиялық қаржы дағдарысы бірлестіктің құрылуына түрткі болды.

1960–1990 жылдары «Азия барыстары» экономикалық серпіліс жасаған болатын. Серпіліске сырттан келген инвестиция себепші болды. Инвестиция іштегі бағаны өсірді, қала берді мемлекеттік бақылау да қатаң болған соң нарықта «қаржы көпіршігі» пайда болып, 1997 жылы ол «жарылды». Бұл әлемнің дамыған және дамушы елдерінің инвестициясына ауыр соққы болып тиді. Сондықтан бірлесе әрекет ету мақсатында осындай бірлестік өмірге келді. Мүше мемлекеттердің қаржы министрлері және орталық банк басшылары деңгейінде жұмыс істеді.

G20 құрамы әралуан бірлестік. Оған АҚШ, Ұлыбритания, Фран-

ция, Италия, Германия, ЕО, Жапония, Канада, Қытай, Ресей, Үндістан, Бразилия, Аргентина, Австралия, Индонезия, Мексика, Оңтүстік Корея, Сауд Арабиясы, Оңтүстік Африка Республикасы, Түркия және Африкалық одақ мүше. 2008 жылы мемлекет және үкімет басшылары деңгейінде әрекет ете бастады. Мұндай шешім қабылдауға 2007 жылғы әлемдік қаржы дағдарысы түрткі болды. Ал 2009 жылы әлемдегі негізгі экономикалық ынтымақтастық форумына айналды. Былтыр оған Африкалық одақ енді. Мұндай бастаманы төраға болған Үндістан көтерген болатын.

Былтыр Үндістанда өткен саммитке Испания, Нидерланды, Сингапур, БАӘ, Бангладеш, Мысыр, Маврикий, Нигерия, Оман қонақ ретінде қатысқан еді. Биыл олардың қатары сиреуі мүмкін. Себебі, бейресми бірлестіктің ресми сайтында Португалия, Испания, Норвегия, Сингапур, БАӘ, Мысыр, Ангола, Нигерия елдері қонақ ретінде шақырылған. Португалия, Норвегия, Ангола былтыр қатыспаған. Соған қарағанда, қалған елдер



(Дереккөз: diplomatist.com).

«үлкен жиырмалыққа» тұрақты мүше болуға ниетті сияқты.

Жалпы, G20 құрамы күрделі. Әр мемлекеттің ұлттық мүддесі бар. Тіпті, іштей топ-топқа бөлінушілік байқалады. Оның құрамындағы мемлекеттер БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі, G7, BRICS аясында бөлінген. Бұлардың ішінде тек G7 мемлекеттерінің ғана мақсаттары бір. Геосаяси текетірес жалғаса берсе G20 елдері арасы суып кетуі мүмкін.

БҰҰ РЕФОРМАЛАУДЫ ҚОЛДАЙДЫ

25 қыркүйекте G20-ға мүше мемлекеттердің сыртқы саяси ведомство басшылары БҰҰ төрінде басқосты. Сөйтіп, алда 18-19 қарашаға жоспарланған саммиттің күн тәртібі айқындалып, арадағы мәсе-

лелер бойынша пікір алмасып, уағдаластық жасалды. Келіссөздер нәтижесінде ортақ мәлімдеме жасалып, клубтың басты жұмыс бағыттары айқындалды. Олар келесідей:

1. Бас Ассамблеяның жұмысын жандандыру. Ол үшін Бас Ассамблеяның Қауіпсіздік кеңесімен байланысын нығайту және оның Төрағалығына әйел үміткерлердің санын арттыру көзделген.

2. Қауіпсіздік кеңесін реформалау. G20 елдері БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің инклюзивті болуын қолдап, Африка, Азия-Тынық мұхиты, Латын Америкасы және Кариб бассейні сияқты аймақтар мен топтардан өкілдер санын кеңейтуді жоспарлауда. Сондай-ақ, кеңестің жұмысын барынша ашық етуге мүдделі екендерін мәлімдеді.

3. Экономикалық және әлеу-

меттік кеңесті нығайту. 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттарына жету үшін БҰҰ-ң екі кеңесі бірлесе жұмыс істеуі тиіс деп ойлайды үлкен жиырмалық.

4. Бейбітшілікті қамтамыз етуді көздейтін комиссияны нығайту. Әлемдегі қақтығыстардың алдын алу, оларды дер кезінде шешу мақсатында комиссияның Қауіпсіздік, экономикалық және әлеуметтік кеңестермен байланысын нығайтпақ.

5. БҰҰ Хатшылығын реформалау. G20 елдері хатшылыққа мүшелікті барынша инклюзивті етпек. Ол үшін ашықтық, әділ географиялық бөлініс, гендерлік баланс сақтауы қажет деп есептейді. Сондай-ақ, басшылық лауазымдарда әйелдерді көбірек тарту көзделуде.

Бұдан басқа, Бүкіләлемдік банк, валюта қоры, сауда ұйымдарын реформалауға байланысты бастамалар көтерілді.

Жалпы, БҰҰ төрінде өткен G20, G7 кездесулері халықаралық саясатқа, экономикаға тікелей әсер етеді. Егер екі ірі кездесуде жасалған мәлімдемелерді салыстырар болсақ, экономикалық дамыған мемлекеттердің үлкен жиырмалыққа ықпалы бар екеніне көзіміз жетеді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

БАЙЫПТАМА

Иран–Израиль:

ҚАРУЛЫ ҚАҚТЫҒЫС

қатерге бастап барады

Таяу Шығыстың шырғалаңға толы қазіргі геосаяси жағдайы кімді де болса бей-жай қалдырмайды. Әлем үшін өзінің энергетика экспортымен, транзиттік өткелдерімен маңызды осы аймаққа соғыс қаупі төніп тұр. Әсіресе, Иран Израильге қарата жойқын әуе соққыларын жасағаннан кейін тұтас аймаққа қақтығыс қатері ең соңғы қызыл сызыққа жетті. Орта Азияда жатқан біз үшін Орта-Таяу Шығыстағы жанжал тікелей болмаса да жанамалай әсерін береді. Оның үстіне тоғыз жолдың торабы, мұнайлы алаптағы соғыс жаһандық бейбітшілік үшін де өте сезімтал. Сол үшін де іргелес аймақтағы осы жайттерге еріксіз жиі назар аударуға тура келеді.

ИРАНЫҢ ӘУЕ ШАБУЫЛЫ

1 қазан күні кеште Израиль аспанының астан-кестені шықты. Иран жерінен 200-ге жуық зымыран әуеге көтеріліп, небәрі 12 минутта 2000 шақырымға жуық қашықтықта жатқан Израиль жеріне жаңбыр болып жауды. Бұл – Иранның осы жылдағы екінші рет өз территориясынан тікелей Израильге шабуыл жасауы еді. Ислам революциясы сакшылар корпусы ресми мәлімет таратып, шабуылды тікелей Израильге бағыттағанын мойындады. Әрі бұны ХАМАС басшысы Исмаил Ханияның, «Хезболла» тобының жетекшісі Хасан Насралланың өлтірілуіне және Газа мен Ливандағы бейқұн адамдардың өлтірілуіне берген жауабы екенін айтты.

Шабуыл туралы көптеген мәліметтерден білгеніміздей, Иран зымырандарының көбін әуе қорғаныс жүйелері атып құлатқан. Израильдің әуеден қорғаныс «Темір күмбез» жүйесі бұл жолы да елді көп шығыннан аман алып қалды. Оған қоса шабуылшы және жойғыш ұшақтарын да әуеге көтеріп,

зымырандарды әуеде атып құлатуға тырысқан. Ал кейбір зымырандарды АҚШ пен Британияның Израильге жақын суларда тұрған әскери кемелері де атып құлатқандары мәлім болды. Израиль жеріне жетіп құлаған зымырандардың кейбір нысандар, тұрғын үйлер мен оқу орындары зақымданған. Жараланғандар да бар екені анықталды. Дегенмен, еврей билігі қаза болғандар туралы мәлімет таратқан жоқ.

«САМҰРЫҚ ҰЯСЫНАН ШЫҚТЫ»

Шабуылдан кейін Израиль премьер-министрі Беньямин Нетаньяху зілді жауап қайтарды. Ол мәлімдемесінде: «Иран үлкен қателік жіберді, бұл қателіктің Иран үшін кесепаты ауыр болады» деп ескертті. Қазіргі уақытта әлем елдері Израильдің қарымта жауабы қандай болады деген сұраулы күйде. Әрі Израиль тарабының қарымтасы расында қатал боларын көпшілік біледі. Өз сөзінде Нетаньяху: «Біздің ережеміз қарапайым, бізге шабуыл жасағанға біз де шабуыл жасаймыз, бізге қастандық жасағандарды жоямыз» дегені бар.

Расында да, ХАМАС пен «Хезболлаға» қарсы әрекеттерінен Израильдің аса қатаң позициясын аңғару қиын емес. Аймақтағы екі бірдей ықпалды ұйымның басшылары, жоғары жетекшілік тобына соншалықты деңгейде дәлме-дәл соққы беріп, көзін жояды деп ешкім күтпеген болатын.

Дегенмен, Израильдің осы әрекеттері Иранның аймақтағы мүддесіне үлкен қауіп төндірді. О басында біз ХАМАС-қа қарсы қатаң әрекеттер, Газадағы жаныштаулар, оған қоса Тегеранда Ханияның өлтірілуі сынды аймақтағы оғаш оқиғалардың бәрі дерлік Иранның соғыс батпағына қарай сүйреп шығару деген болжам жасаған едік.

Міне, енді осы болжам барған сайын растала түскендей. Тегеран өзінің аймақтағы ықпал-әсерін әлсіретіп алғысы келмеді және күллі әлем алдында Израильден қаймыққандай болып көрінгісі келмеді. Ислам республикасының шыдамы таусылғандай, «Хезболлаға» қарсы құрлықтық әскери операция басталған кезде Иран ұзақ үнсіздігін бұзып, әуеден соққы жасауға барды.

Нетаньяхудың сөзінің белгілі деңгейде жаны бар, Иран стратегиялық тұрғыда үлкен қателік жасағаны рас. Себебі, тікелей соғысқа араласу ұзақ уақыт санкцияда отырған және ішкі алауыздығы асқынған түскен Иран үшін өте тиімсіз. Көп уақыттан бері үркітіп-қорқытатын мәлімдемелермен шектеліп, әскери қадамға бармай отырған. Ал жойқын әуе соққысының жауабы да соған пара-пар немесе артық болары даусыз. Бұл дегеніміз, соғыстың қақпасын қағумен бірдей. Егер осы тұста халықаралық қауымдастық

пен мүдделі тараптар арашаға түсіп, қос тарапты бітімге келтірмесе, дау жоқ, аймақтық соғыстың басталғаны. Дегенмен, Иран шабуылдан кейін де өзінің соғысты қаламайтынын жеткізді. Бұндай сөзді еврей жетекшілері де айтады. Бірақ қаласа да, қаламаса да кейбір қадамдарға тараптар өзін міндеттеп жатқандай. Бір кездері Иранның бұрынғы президенті Хасан Рухани «Иран нағыз самұрық елі» дегені бар. Олай болса, бұл шабуылдан кейін Нетаньяху мен Байден «Самұрық ұясынан шықты» деп қарағаны даусыз.

ОРТА ШЫҒЫСТАҒЫ БАСТЫ ОЙЫНШЫ НЕ ДЕЙДІ?

Қазіргідей ушыққан жағдайға қарамастан, екі елді де сабасына түсіретін себептер, сабырға шақыра алатын тараптар бар. Ірі державалар – АҚШ, Британия, Ресей және Қытай тараптарының мәмілесі аймақтағы соғыс апыатынан әлі де сақтап қалуға жетеді. Әсіресе, Құрама Штаттар тарапынан жасалатын әрбір шешім аймақта маңызды рөл ойнайды. Олай дейтініміз, Вашингтонның Орта Шығыстағы басты ойыншы екені жасырын емес. Оның үстіне Израильді қолдаушы әлемдегі ірі әскери держава. Бұл жолы да президент Джо Байден «Израильді толық қолдаймыз» деген позициясын ашық білдірді. Әрі қорғаныс өкілдерімен ақылдаса отырып, Израильді қорғау және қолдау көрсету үшін бірқатар шараларды қабылдады. Тіпті, бұл міндетке резервтегі әскерлерді де шақырып қойды. Парсы шығанағындағы және Жерорта теңізіндегі әскери кемелері де Израиль мен Иранға жақындай түсті. Бұл әрекеттің бәрі Израиль үшін үлкен қолдау әрі Иран үшін әрбір қадамын ойлансыз басуға мәжбүрлейтін дабылдар.

Дегенмен, Америка Құрама Штаттарында өткізілген сайлаудың да аймақтағы жағдайға әсері мол. Жалпы жағдайдан қарайтын болсақ, Израильдің қатаң әрекет-

тері, аймақтағы ауқымды соғыс қатерін жақындата түсті. Ал бұл АҚШ-тың «бейбітшілікті қорғаушы» образына үлкен нұқсан келтіреді. Бірақ сайлау қарсаңында Израильге қатаң шектеу қойып тастау да Байден билігі үшін тиімсіз. Себебі, бұны саяси қарсыласы Дональд Трамптың тиімді пайдаланып кетуі, сол арқылы ұпай жинап алуы да ғажап емес.

Израиль үшін АҚШ-тағы екі-үш жағдайдың тиімділігі байқалады. Себебі, сайлау жақындаған сайын Израиль тіпті де батылдана түсті. Келесі келген жаңа үкімет қанша жерден Израильді қолдаймыз десе де, өзінің жаһандық көш басшы орны үшін болса да Иранға қарсы тікелей соғыс бастауына немесе аймақтағы басқа әрекеттеріне шектеу қоюы мүмкін. Ал Нетаньяху болса оған дейін Израильдің стратегиялық мүдделерін жеделдетіп шешіп алуға, ең кемінде үлкен жоспарды бастапқы деңгейде іске асыруға тырысып жатқандай.

Жағдайдың бұлай дами беруі жаһандық тұрақтылыққа үлкен қауіп төндіре бастады. Әсіресе, Израильдің қатаң ұстанымы, «атқанды ат, шапқанды шап» деген сынайдағы пиғылы әлемге қауіпті сигналдар таратып жатыр. Яғни өзінің ұлттық мүддесін түбегейлі қанағаттандыру үшін қарсыластарын түбегейлі жою керек екен дегендей меседжді тарап кеткендей. Таяу Шығыстың қазіргі беталысынан кейін әлем елдерінде қорғаныс саласына бөлінетін қаражат мөлшері артып, қару-жарак жарысы тіпті де өрші түсуі ғажап емес. Мұндай қауіпті тенденцияларға еліміз де әуелден сақ қарап, алдын ала дайын болуы тиіс.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.

МАРАПАТ

ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ

«ҚАРТТАРЫН ҚАДІРЛЕГЕН ЕЛ АРДАҚТЫ»

атты мерекелік концерт өтті

Алматыдағы Халықаралық бизнес академиясының колледжінде Қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты» мерекелік концерті өтті. Іс-шараға колледждің ұстаздары мен студенттері қатысып, өнер көрсетті. Мерекелік концертке еңбек ардагерлері мен «Достық» хоры шақырылды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБЕК

«Мереке күні жыл сайын қарттарды әртүрлі форматта құттықтап жатады. Біз де колледже жақын маңда тұратын қарттар мен осы оқу ордасында қызмет

етіп, зейнеттік демалысқа шыққан ардагерлерімізді арнайы шақырып, құттықтауды ұйғардық. Асыл қазыналарымызға арнап студенттер мен колледждегі еріктілер өнер көрсетті. Кишігірім сый-

лықтарын табыстады. Жас ұрпаққа қарттарды қадірлеуді үйрету маңызды», – дейді. Халықаралық бизнес академиясы колледжінің директоры Альфия Хизматуллина.

АНАЛАР
АРДАҚТАЛДЫАлматының Жетісу ауданында
көпбалалы аналарға құрмет көрсетілді

Алматы қаласының 9 көпбалалы анасы «Алтын алқа» және «Күміс алқа» мемлекеттік наградаларының иегері атанды. Олар Жетісу ауданында тұрады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 6 қыркүйектегі №645 Жарлығына сәйкес екі ана «Алтын алқа» алса, тағы жеті анаға «Күміс алқа» берілді.

«Біз тәрбиелеп отырған балаларымыз еліміз бен жерімізге қызмет етсе, бұл біздің мақсатымыздың орындалғаны. Әрбір ана балалардың санына ғана емес, олардың тәрбиесінің сапасына да жауап береді, өйткені бұл үлкен жауапкершілік. Қазақстанның болашағы жарқын болсын, балаларымыз денсаулығы мықты болып, еліміз гүлдене берсін!», – деді «Алтын алқа» иегері Аяна Әлішева.

«Күміс алқа» иегері, 6 балалы анасы Гүлзана Халбекова да эмоциясын жасырмады.

«Мен осы сәтті ұзақ күттім. Өзім көпбалалы отбасында өскенмін, біз анамыздың мейіріміне және әкеміздің қамқорлығына бө-

леніп өстік. Біздің балаларымыз да бір-біріне қамқорлық пен жақсылық жасайды. Менің ойымша, бейбіт еліміз мен көңілі дархан халқымыздың арқасында балаларымызды бейбітшілік пен келісімде тәрбиелей аламыз. Көпбалалы ана болу бақыт, мен әр отбасыға осындай бақыт тілеймін!», – деді Гүлзана Халбекова.

Жетісу ауданының әкімі Ләззат Жылқыбаева жоғары награда иегерлерін құттықтап, ұлттың дамуына қосқан үлестері үшін алғыс білдірді.

Ауданда барлығы 2940 көпбалалы ана тіркелген. Бүгінде олардың 154-і «Алтын алқа», 305-і «Күміс алқа» медальдарымен марапатталған. Олардың қатарына тағы 9 әйел қосылды. Көпшілігі білім беру, медицина және басқа да мемлекеттік және жеке құрылымдарда жұмыс істеп, қаланың дамуына зор үлес қосып келеді.

КӨРМЕ

АЛМАТЫЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР

шығармашылық жұмыстарының көрмесін ұсынды

Халықаралық қарттар күніне орай Алматы музейінде «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы зейнеткерлерінің шығармашылық жұмыстарының «Күзгі блюз» атты көрмесі ашылды.

Досбол
АТАЖАН

Іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова қатысты. Ол алдыңғы буын өкіл-

дерін Халықаралық қарттар күнімен құттықтады.

– Қала әкімі Ерболат Досаев қалалық ақсақалдар кеңесімен кездесу өткізіп, онда алдыңғы буын ата-әжелеріміз бәріміз үшін үлгі екенін атап өтті. Қаламыз «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтары арқылы, «Шыңға өрлеу», «Бақытты отбасы» және басқа да жобаларымен сіздерге қолдау көрсетеді. Сіздерді көрменің ашылуымен құттықтаймын, – деді қала әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ, Алматы музейінің бұқаралық көрме ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Алтынжан Қожамұратова көрмеде қойылған суреттердің жоғары деңгейде екенін атап өтті.

– «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы көрмесінің ашылуы біздің музей үшін де ерекше оқиға. Орталықта кескіндеме және бейнелеу өнері сабақтарын Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Марлан Нысанбаев жүргізеді. Сондықтан барлық шығармашылық жұмыстар өте әдемі салынған, – деді ол.

Көрмеде Алматы қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында сурет салуды үйренген зейнеткерлердің 20-дан астам жұмыстары қойылды. Сурет авторларының бірі – 67 жастағы Баян Жанзақова. Зейнеткер «Теңіз және желкен» деп атаған жұмысын 3 айдан астам уақыт ішінде салып шыққан.

«КҮЗ – 2024»

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ

науқаны басталды

Күзгі әскерге шақыру науқаны барысында Қазақстан армиясының қатары 20 мыңнан астам сарбазбен толығады. 16 қыркүйектен бастап ҚР ТЖМ Азаматтық қорғаныс әскери бөлімдерінде мерзімді әскери қызметін өтеу үшін әскерге шақырылушыларды жалдау бойынша күзгі шақыру компаниясы басталды.

Осы күзде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі 300-ден астам жас жігітті әскерге шақырады. Олардың 20-сы ҚР ТЖМ Қарағанды қаласындағы 52859 әскери бөліміне Алматы қаласынан шақырылады.

Сапалы әскер жасақтау мақса-



(Сурет: ҚР Қорғаныс министрлігі)

тында Алматы ТЖД әскери қызметшілерімен Алатау ауданының қорғаныс істері жөніндегі басқармасында есепте тұрған әскерге шақырылушылардың жеке істерін зерттеу басталды. Зерттеу барысында әскерге шақырылушының денсаулық және моральдық-психо-

логиялық жағдайына, мерзімді қызметке қатынасына, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілерінің болмауына және т.б. жағдайларға ерекше назар аударылады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

«АШЫҚ ЕСІК КҮНІ»

МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕГІН ҚЫЗМЕТ

жұртшылыққа кеңінен түсіндірілуі тиіс

Алматы қаласы Әуезов ауданында «ҰЕҰ Ашық есік күні» өтті. Іс-шараны Қоғамдық даму басқармасының «Civil Center Almaty» мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс жобасын іске асыру аясында «Ақпараттық-ресурстық орталық» ҚҚ өткізді.

Айнабай
МӘДІ

Аталған жоба үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ), мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару комитеттерінің тиімді өзара іс-қимылын дамыту, ынтымақтастығын кеңейту мақсатын көздейді. Басқосуға жергілікті атқарушы, білім беру мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері қатысты.

«Мақсат – халықпен бірге жұмыс істейтін жергілікті билік пен құқық қорғау органдары қызметкерлерінің осы

мемлекеттік тегін қызмет көрсетулерді үнемі жұрт жадына салып, көбірек айтып түсіндіру қажеттігі. Әлбетте, олай болмағандықтан, көп ретте өмірдің қиын жағдайына душар болған тұрғындар ҰЕҰ-ден көмек сұрап жатады. Мұндайда жергілікті билік пен құқық қорғау органдарымен бірлесе келе, маңызды мәселені неғұрлым тиімді шешуге ұмтыламыз. Мемлекеттік тегін қызмет көрсету жұртшылыққа кеңінен түсіндірілуі тиіс», – дейді «Ақпараттық-ресурстық орталық» ҚҚ жетекшісі Алтынай Көбеева.



КЕЗДЕСУ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Халықаралық қаржы корпорациясының (IFC) өкілдерімен кездесуі барысында Алматыда экологияны жақсартуға және қалдықтарды басқару тиімділігін арттыруға бағытталған әрі қалдықтармен жұмыс істеу жүйесін реформалау бойынша зерттеудің аралық қорытындылары ұсынылды.

ҚАЛДЫҚТЫ ҚАЙТА ӨНДЕУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Жаңа бастамалар үздік халықаралық тәжірибелер мен технологияларды ескере отырып, қалдықтарды жинау, қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тұрақты инфрақұрылым құруға ықпал ететін болады. IFC негізгі ұсыныстарына қалдықтарды жинау жүйесін қайта құрылымдау және кеңейту, қоқыстарды бөлек жинауды енгізу, қалдықтарды шығару жүйесін оңтайландыру, инфрақұрылымға инвестициялар тарту, қайта өңдеу қуаттарын жаңғырту, механикалық және биологиялық өңдеу, компост

кондырғыларын дамыту, заманауи санитарлық полигон салу және т.б.

Зерттеу 2023 жылғы 4 қазанда Алматы әкімдігі мен IFC арасында жасалған меморандум аясында Seureca француз компаниясының IFC (175 мың АҚШ доллары) гранттық қаржы есебінен жүргізіледі. Бұл шаралар Алматыға экологиялық тұрақтылықтың жоғары стандарттарына қол жеткізуге, қоршаған ортаға теріс әсерді азайтуға және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға көмектеседі.

ӘКІМ

САРҚЫЛМАС ДАНАЛЫҚ ИЕЛЕРІ

Шаһар басшысы Ерболат Досаев Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшелерімен кездесті



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Халықаралық қарттар күнінде Алматы кеңесінің төрағасы Ақан Бижанов бастаған қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшелерімен кездесті.

«Біздің қоғамымызда үлкенге құрмет көрсету – ұлттық сана-сезімнің негізінде жатқан ерекше дәстүр. Сіздер біздің тарихымыздың сақтаушылары, ерекше өмірлік тәжірибе мен сарқылмас даналықтың иесісіздер. Қаламыздың гүлденуіне қосқан үлестеріңіз үшін алғыс айтамын», – деді Ерболат Досаев.

Кездесу барысында қатысушылар әкімнің бастамасымен биыл шілде айында іске қосылған «Алтын жас» атты аға буын өкілдеріне арналған дер кезінде қолға алынған жұмыспен қамту бағдар-

ламасының тиімділігін атады. Бүгінде 400 алматылық зейнеткер жұмыс тауып, әлеуетін жүзеге асырып отыр. Айта кетерлігі, жалақының 50%-ы жергілікті бюджеттен субсидияланады.

Алматы ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақан Бижановтың айтуынша, биылдың өзінде әлеуметтік қолдау 124 мың адамды қамтыды.

Егде жастағы адамдарды санаторлық-сауықтыру емімен қамтамасыз ету жалғасуда. Жыл басынан бері бұл әлеуметтік көмекті 2 мыңға жуық зейнеткер пайдаланды.

Қала әкімінің тапсырмасымен халықтың әлеуметтік осал санаттарына коммуналдық қызмет тарифтерінің өсуіне байланысты өтемақы төлеу тағы бір жылға ұзартылды. Былтыр 5,7 млрд теңге көлеміндегі ай сайынғы әлеуметтік төлем 140 мыңнан астам ХӨӨТ адамдарға берілді.

Ардагерлер кеңесінің мүшелері қала басшылығына өткен кездесу бары-

сында көтерілген мәселелерді шешкені үшін алғыс айтты. Атап айтқанда, аудандық ардагерлер ұйымдарын қызметтік автокөлікпен қамтамасыз ету мәселесі шешімін тапты, ардагерлерді қолдау жобасына қаржы бөлінді.

Биыл Алматыда қосымша 3 «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ашылды. 2022 жылдан бастап қалада барлығы 15 орталық құрылды. Жобалар зейнеткерлерді мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге тартуға бағытталған, бұл олардың физикалық және психикалық денсаулығын жақсартуға септігін тигізеді. Жыл басынан бері орталыққа келушілерге 500 мыңға жуық түрлі қызмет көрсетілді.

Кездесу қорытындысы бойынша Алматы қаласының әкімі «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарының санын қаладағы әр ауданда екіге жеткізуді және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен үздіксіздігін қамтамасыз етуді тапсырды.

АНЫҚТАМА:

Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) – бүкіл әлем бойынша экономикалық өсу мен өмір сүру сапасын жақсартуға ықпал ететін жеке секторды қаржыландыруға және тұрақты дамуға маманданған Дүниежүзілік банк тобының мүшесі.

КОНФЕРЕНЦИЯ

Орталық Азияға сапары аясында креативті экономика жөніндегі Жаһандық кеңестің (Global Creative Economy Council) сарапшылары қазақстандық креативті индустрия өкілдерімен бірнеше кездесу мен стратегиялық сессия өткізді.

КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКА

Жаһандық кеңестің сарапшылары стратегиялық сессия өткізді

28 қыркүйекте «Бәрібаев 36» кеңістігінде Британ консулдығының ұйымдастыруымен және Almaty Tourism Bureau қолдауымен креативті экономика бойынша конференция өтті. 29 қыркүйекте Марков-кі, 44 мекенжайындағы Almaty Creative креативті хабында хаб резиденттерімен кездесу ұйымдастырылды.

28 қыркүйектегі конференция мемлекет, бизнес және креативті индустрия өкілдерін біріктіріп, тәжірибе алмасу мен өсудің мүмкіндіктерін іздестіруге бағытталған. 13 елден келген 15 халықаралық сарапшы зерттеуін ұсынып, әлемнің түрлі аймағында, соның ішінде Африка, Азия және Латын Америкасында креативті экономиканы дамытудың сәтті жүзеге асқан мысалдарын тілге тиек етті. Креативті индустриядағы жаңа үрдістер мен оларды енгізудің тәжірибелік жағына баса назар аударылды.

Kingston Creative компаниясының негізін қалаушы әрі атқарушы директоры Андреа Демпстер Чанг креативті кластерлерді интеграциялау мәдени туризмнің дамуына қалай ықпал ететінін айтып берді. Ол туристерді мәдени және шығармашылық бастамалар арқылы тартудың маңыздылығын атады. Креативті экономика жөніндегі Жаһандық кеңестің мүшесі, инновациялар жөніндегі сарапшы Джайрад

Машру конференцияда мәдениет пен шығармашылық саласын дамытуға арналған негізгі қадамдарды ұсынды.

«Біздің Алматыға сапарымыз шабыт берді. Болашақта жергілікті және жаһандық креативті индустрияны дамытатын серіктестіктер үшін үлкен әлеуетті көріп отырмыз», – деді Джайрад Машру.

Өз кезегінде Almaty Tourism Bureau басшысы Камила Лұқпанова Қазақстанда креативті индустрияны дамытудың маңыздылығын атап, туризмді ілгерілетудегі жергілікті креаторлардың рөліне тоқталды. Оның айтуынша, креативті индустрия туризмнің ажырамас бөлігіне айналып, әлемнің экономикалық тұрғыдан өсуі мен мәдени жағынан алмасуына ықпал етуде.

29 қыркүйекте халықаралық сарапшылар Almaty Creative креативті хабының жұмысымен танысып, оның резиденттеріне өздерінің халықаралық тәжірибесін жеткізіп, креативті экономика саласындағы соңғы үрдістерді талқылады. Хаб резиденттері жобасын ұсынып, идеялар алмасып, шетелдік меймандардың ой-пікірін білді.

Іс-шара өткізудегі негізгі мақсат – халықаралық байланысты нығайту және Алматының Орталық Азиядағы креативті экономиканың орталығы ретіндегі мәртебесін растау.

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЕҢБЕК МОБИЛЬДІЛІГІ ОРТАЛЫҒЫ

4,8 мың жас жұмысқа орналасты

2023 жылдың басында Алматыда жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 5,6%-дан асқан болатын. 2024 жылдың екінші тоқсанының деректеріне сәйкес, бұл көрсеткіш 4,5% болып, жұмыссыздық деңгейі 1,1%-ға төмендегені байқалды. Мұны қалалық жастар саясаты басқармасы хабарлады.

Олардың мәліметінше, Алматыдағы колледждер мен жоғары оқу орындарының 65 мың түлегінің 60–80%-ы жыл сайын Алматыдан жұмыс табуға тырысады. Сонымен қатар, 10–12 мың түлек жыл бойы жұмыс іздейді.

Жастар саясаты басқармасы NEET санатындағы жастардың (Not in Education, Employment, or Training) үлесін азайтуға бағытталған бағдарламаны әзірледі. Бұл санатқа жұмыссыз, оқымайтын және кәсіби дайындықтан өтпеген 14 пен 35 жас аралығындағы жастар жатады.

Аталған бағдарламаны жүзеге асыру нәтижесінде NEET-жастардың үлесі 2023 жылдың бірінші тоқсанындағы 8,3%-дан (53,8 мың адам) 2024 жылдың екінші тоқсанында 6,5%-ға (42,8 мың адам) дейін төмендеді.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен мегаполисте бір жылдан астам уақыт бойы Қалалық карьера орталығы жұмыс істеп келеді. 2023 жылдың ақпан айынан бері орталық-

қа 4 мыңнан астам жас жүгінген. Орталық 3 мың адамды жұмыспен қамтуға көмек көрсетіп, сұранысқа ие мамандықтар бойынша 30-дан астам қысқа мерзімді курстар ашты. Биыл жыл басынан бері 4,8 мың жас оқудан өтіп, олардың 3 мыңы жұмысқа орналасып, 1,8 мыңы тағылымдамадан өтіп жатыр.

NEET-жастарға арналған Jasalmaty.kz мобильді қосымшасы іске қосылды, онда Jobfair365 жұмыспен қамту және SkillBrigde оқыту сервистері ұсынылған. Ақпараттық портал 20 мың адамды тартты. Жұмыс басталғаннан бері Қазақстанның 20 өңірінен 3 мыңнан астам жұмыс беруші тіркеліп, 5 мыңнан астам бос жұмыс орны жарияланды. Соның нәтижесінде 2,5 мың жас жұмысқа орналасты.

2024 жылы басқарма «8 Күндік карьера» іс-шарасын ұйымдастырып, оған 450-ден астам ірі компания қатысты. Соның нәтижесінде 2,8 мыңнан астам жас жұмыс тапты.

«Жасыл ел» ұлттық жобасы аясында 2,1 мың адам уақытша жұмысқа орналасты. Сонымен қатар, Еңбек мобильділігі орталығы арқылы 4,8 мың жас жұмысқа орналастырылды.

«Алматы қаласының 2024 жылғы жұмыс орындарын құрудың өңірлік картасы» аясында жастарға 18,1 мың жұмыс орны ұсынылды. Enbek.kz порталы арқылы 1,1 мың жас жұмысқа орналастырылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



АЭС: ПІКІР

Айтарлықтай
артықшылыққа
ие

Атом станциялары
жаңартылатын энергия
көздеріне қарағанда пайдалы
әсер коэффициенті бойынша
шамамен бес есе артық.

Ядролық физика институтының бас инженерінің орынбасары Асхат Бекбаев көптеген әріптестері сияқты жаңартылатын энергия көздерін шешуші балама ретінде қарастырмайды.

— Атом электр станциясының 2,8 гигаватттық қуатымен пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК) 90%-ды құрайды. Ал күн панельдерін қолданғанда, ПӘК көрсеткіші 20%-дан аспайды. Күн панельдерінен дәл осындай қуат алу үшін 29 мың гектар жер қажет. Оның үстіне, панельдерді үнемі тазалап тұру керек, әйтпесе олардың ПӘК одан әрі төмендейді. Сонымен қатар, атом электр станцияларының қызмет ету мерзімі 60–80 жыл болса, күн панельдері 15–20 жыл ғана жұмыс істейді, — деді спикер.

Асхат Бекбаев келесі деректерді келтірді:

«Франция Қазақстаннан бес есе кіші болса да, онда 56 реактор орналасқан. Бұл экологиялық қауіп-қатерлерді азайтуға бағытталған шаралардың айқын мысалы. Оңтүстік Корея, территориясы тек Алматы облысымен шамалас болғанымен, онда 26 реактор жұмыс істеп тұр. Оңтүстік Корея өнеркәсіптік даму, экономикалық өсу деңгейі бойынша әлемдегі жетекші елдердің бірі болып табылады және көптеген бағыттар бойынша өнім өндіруде көш бастап келеді. Мұндай көрсеткіштерге ел атом энергетикасын дамыту арқылы да қол жеткізді», — деп қорытындылады Ядролық физика институтының бас инженерінің орынбасары.

Бұл мәліметтер атом электр станциясының жоғары тиімділігі мен ұзақ қызмет ету мерзімі оның жаңартылатын энергия көздеріне қарағанда айтарлықтай артықшылыққа ие екенін көрсетеді. Қазақстанның энергетикалық әлеуетін арттыру үшін атом энергетикасын дамыту маңызды қадам.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақнұр БАҒДАТ,
ХАТУ студенті:

Экологиялық таза
энергия көзі

Атом электр станциясын салу мәселесі қоғамда қызу талқыға түсіп келеді. Бұл тақырыпта түрлі көзқарастар бар, өйткені АЭС-тің тиімділігі мен қауіптілігі туралы пікірталастар өзекті.

Қазіргі таңда көмір электр станциясы 70% тозған күйде жұмыс істеуде. Осындай жағдайдың орын алуы баламалы энергия көздерін, мысалы, күн, жел және атом энергиясын дамыту қажеттігін көрсетеді. АЭС салу экологиялық тұрғыдан қарағанда таза энергия көзі болып табылады. Себебі, АЭС жұмыс істеген кезде ауаға көмірқышқыл газы (CO2) сияқты зиянды қалдықтар шығармайды. Атом электр станциясының тұрақты жұмыс істеуіне уран қажет екені белгілі. Мамандардың зерттеуінше, 1 келі уран 100 тонна көмір мен 60 тонна мұнайға тең энергия шығарады екен. Елімізде жыл сайын 20 мың тоннадан астам уран өндіріледі. Қазіргі таңда «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамында 20 мыңнан астам адам жұмыс істейді.

Жұртшылық АЭС құрылысын Семей полигонымен салыстырады. Семей полигоны мен АЭС мүлде екі бөлек дүние. АЭС-тер бейбіт мақсатта энергия өндірісе, Семей полигоны кезінде ядролық қару сынақтарына арналған алаң болатын. Қазақстан тексерілген және пайдалану тәжірибесі бар, қауіпсіздігі жоғары III және III+ реакторларын салуды жоспарлап отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САРАПТАМА

АЭС – ҚАУІПТІ ЕМЕС



(Фотодереккөз: aes2024.kz).

Жыл санап күшейіп келе жатқан әлемдік энергетикалық дағдарыс пен оның Қазақстанға тигізіп отырған әсері мемлекет үшін үлкен экономикалық-қаржылық шығын болып отыр. Елде электр энергиясын тұтыну мөлшері жыл сайын артып келеді.

Бұл барлық өңірлерде айқын байқалуда. Әсіресе, оңтүстік аймақта. Кеңес өкіметі кезінде Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігін қамтитын біріктірілген энергожүйе болды. Бес республиканы қамтамасыз ететін 500 квт орталық бір энергосақинадан тұрды. Ол кезде ортақ басшылық болғандықтан оған бәлендей проблема туындамады. Ал қазіргі ақиқат басқа. Оған кит етсе, тау өзендерінің суын тежейтін қырғыз бауырлар бен Сырдың арнасын бұра бастайтын өзбек ағайынның әрекеттері дәлел. Себебі, Орта Азия жағдайында су-энергия көзі. Оның тапшылығынан оңтүстік облыстармыз әлі де энергетикалық жетіспеушілік көріп отыр. Қуат тапшылығын жою үшін оны Ресейден импорттауға мәжбүрміз.

Бұл тәуелділік жыл сайын артып келеді. Мәселен, Ресейден импортталатын энергия мөлшері 2,3 млрд квт/сағат болды. Бұл 2022 жылғыдан бақандай 37,5 пайыз көп. Әрі бұл тенденция жыл сайын күшею үстінде. Ол аз десеңіз, ресейлік қуаттың құны ішкі бағадан бірнеше есе қымбат, соның салдарынан Қазақстанда тариф құны да көтерілуде. Қазақ халқы мұндай жағдайды «кісідегінің кілті аспанда...» деп қисындаған. АЭС салуды жақтаушылардың алдымен алға тартары да осы.

Энергетикалық мұқтаждыққа орай өзге-ге жауатандағы Қазақстан Республикасының бүгінгі жағдайы өте өзекті. Бұл тақырыптың көтерілгеніне де көп болды. 2022 жылы Орталық Азияның үш республикасында бір кезеңде электр қуаты өшірілгені де есте. Ішінде біздің оңтүстік облыстарымыз да бар, сол кезде Қазақстанның өз энергосақинасы болу керек деген шешуші шешімнің жасалуы да заңды еді.

Электр энергиясына байланысты проблема батыстағы облыстарымызда да бар. Соған орай, КЕГОК компаниясының директорлар кеңесі «Батыс энергожүйесін біріктіру» жобасын бекітіп отыр. Сол арқылы батыс өңірінің қуат өткізу мөлшерін 500 мегаваттқа жеткізу межеленуде.

Әлбетте, бұл да жетіскеннің ісі емес. Ел қазынасы үшін үлкен шығын: компания деректеріне қарағанда бұл жобаның құны – 201 789 млрд теңге. Оның 141 252 млрд-ы шеттен қарызға алынады, 60 537 млрд-ы ішкі резервтен жұмсалмақ.

Көріп отырғанымыздай, ішкі энергетикалық қажеттілікті жабу мемлекет қалтасын ойсырата жұқартатыны сөзсіз. АЭС

салуды қолдаушылардың алға тартып отырған «көзірі» де осы дер едік! Қазіргі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында мұны ескермеуге болмайды.

Энергетика министрлігінің дереккөздеріне қарағанда, Қазақстан Республикасы жылына 152 млрд ватт электр қуатын тұтынады екен. Индустриаландыру саясатына орай, бұл мөлшердің жыл өткен сайын артатыны айтпаса да белгілі. Дерек бойынша, қазіргі энергетикалық дефицит бір жылда 20 млрд ваттан асады. Бұл да үлкен шығын. АЭС салуды жақтаушылардың дегендері жүзеге асқан жағдайда, ел қазынасы нығайды, қуат үшін өзгеге қол жаюдан құтыламыз деген ойлары да ақталмақ.

Мәселен, атом электр стансасының отын қоры – уран. Ал біздің еліміз уран қоры бойынша әлемде Австралиямен бірге алдыңғы орында. Уран өндірісі бойынша да солай. АЭС-і бар бола тұра, оның отыны тапшы экономикасы дамыған әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің алдағы уақытта қазақ уранына тәуелділігі де арта түспек. Бұл да біздің елдің әлемдік саясаттағы басты көзірі.

«Сыңсыған орман ішінде тұрып, отын жақпай суықтан жаурау – күнә!» дейді АЭС-ті жақтаушылар. Бұл жерде де олар Қазақстанның электр қуаты үшін өзгеге «көз сатуы» қателік деп түйіндейді.

Қазір проблема ушығып тұр. АЭС салуды біреу жақтаса, енді біреу оған қарсы. Онсыз да тапшы электр жарығы «жалп» еткенде ғана «осы қалай өзі, ә?» деп желкесін қасып, ойланатындар да көп.

«Біз уран байлығын пайдаланып, барша қорқыныш пен үрейді, күдікті жеңе білуіміз қажет. Бұл орайда АҚШ, Франция сияқты өркениетті елдерден үлгі алуға тиіспіз» дейді мұндайда АЭС жақтаушылары.

Әлемдегі жағдайға көз салсақ, планетада АЭС салуды құптаушылар саны күн санап артып отырғанын байқаймыз. Таяуда бұл мәселе Өзбекстанда да көтерілді. Түркия дербес АЭС-інің пайдалануға берілуін тағатсыздана күтіп отыр.

Фукусимадағы жарылыстан соң кейбір елдердің АЭС қызметінен бас тартқаны да белгілі. Соның бірі – ФРГ. Оның салдары да көп күттірген жоқ. Қазір бұл елде энергия тапшылығы байқалуда. Немістер бүгінгі таңда қуат үшін Еуроодақтың Франция сияқты АЭС-і бар елге тәуелді. Энергия тапшылығынан елдің көптеген кәсіпорындары дағдарысты бастан кешуде.

АЭС салуды жақтаушылар «Бізде атом электр стансасы Балқашта салынады. Ол да тегін емес. Ондай объект салу кеңестік кезде де көтерілген. Ондағы локация барлық талапқа сай. Ең бастысы, атом реакторы – экологиялық тұрғыда ең таза қуат көзі» дейді.

Тиісті мамандарға сенсек, АЭС бір киловат-сағаттан небәрі 12 грамм көмірқышқыл газын бөледі екен. Ал бұл газ немесе көмір стансалары бөлетін шамадан 40–68 есе аз. Соған қарағанда, бір жағынан бұл бейбіт атом электр қуатын өндірудің экологиялық тұрғыда таза әрі арзан жолы. Бұл да ескерілуі тиіс.

6 қазан күні елімізде осы мәселеге байланысты бүкілхалықтық референдум өтеді. Әрине, атом электр стансасын салу мәселесі қоғамды толғанып отыр. Оған себеп те жоқ емес. КСРО-дағы басты атом полигоны да, басты ғарыш айлағы да біздің елімізде орналастырылды. Халық оны біледі. Зардабы да белгілі. Дегенмен, әлемдегі бүгінгі экологиялық әлеуметтік тұрмыстық, саяси ахуал тағы бар. Тақырыптың маңызы мен мазмұны осы жерден көрінеді.

Тағы да бір ғылыми ақиқатты есте ұстау керек. Мәселе АЭС-тің қауіпсіздігі мен қатерсіздігіне байланысты. Фактілерге қарағанда реактор, әсіресе, қазіргі атом реакторы қауіпсіздіктің барлық талаптарын қатаң ескеру жағдайында салынатын нысан. Жаңа стандарттағы станса түрлі жағдайға шыдайды екен. Ең бастысы, бүгінгі реакторлар төтенше жағдай болған жағдайда өз жұмысын автоматты түрде тоқтата алады.

Мамандар Чернобыль апатына тікелей адами фактор кінәлі деп түйіндейді. «Демек, мәселе, АЭС салынған жағдайда оның жұмысын кімдер жүзеге асырады?» дегенге келіп тіреледі. Оның үстіне қарсы тараптан «бізде атом реакторымен жұмыс істейтін маман да, тәжірибе де жоқ» деген уәж айтылады.

Ақиқатында, бұл – жалған пікір. Қазақстанда бұған дейін де үш реактор жұмыс істеген. Жұмыс істеп те тұр. Демек, маман да, тәжірибе де бар! Оған күмән болмауы керек!

Маман мәселесіне келсек, Қазақстанда бұл саланың мамандары үш жоғары оқу орнында даярланады. Яғни бұл мәселе де шешілген.

Ең бастысы, елдегі барлық кәсіпорында радиациялық бақылау орны бар. Ал жоспарлы 1200 МВт стансасының қауіпсіз жұмысы үшін бір мыңдай маман керек. Қажетті мамандар саны бізде бар. Олардың 200-і реактор инженері болып жұмыс істейді. Демек, АЭС – әлдекімдер ойлайтындай қауіпті емес.

Өмірзақ МҰҚАЙ,
сарапшы.



МӘСЕЛЕ

Қазақстанда атом электр стансасы жайлы тағдыршешті шешім қабылданатын жалпыхалықтық референдум күні жақындаған сайын қоғамда бұл тақырыпты үйде де, түзде де қозғамаған орта жоқ шығар, сірә. Қазір отбасылық отырыстардағы, қызметтес әріптестер жиында-рындағы, түрлі кездесулер мен диалог алаңдарындағы өзекті тақырып осы.

Байыпты шешім қабылдау маңызды

Жасыратыны жоқ, кеңестік замандағы бір ғана Семей полигонының қасіретінен жүрегі әбден шайлыққан қазақ қоғамының шамына ядролық энергия, атом ұғымдары туралы әңгіме түрпідей тиеді. Осы ұғымдармен байланысты кезінде әлем жұртшылығын тітіренткен, талай мыңдаған адамның өмірін жалмаған атышулы Хиросима мен Нагасаки зардаптары, Чернобыль мен Фукусимадағы қайғылы оқиғалар адамзат тарихындағы аса ауыр қаралы күндер ретінде есте қалды. Бұл түсінікті де.

Дегенмен, атом энергетикасын дамыту жаһандық аса маңызды экономикалық және саяси мәселеге айналған тұста біздің мемлекетіміз де бұл жаңа үрдістен тыс қала алмайды. Қазір «Атом электр станциясын салу қажет пе, жоқ па?» деген сауалға қатысты түрлі көзқарас бар. Оның қауіпсіздігіне күмәнмен, үреймен қарайтындар да, жарқын болашағына сенім артып, үміт артатындар да бар.

Атом электр стансасын салуға қатысты барынша байыпты шешім қабылдау маңызды. Мемлекет басшысы тұжырымдағандай, атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі – еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Ел өміріндегі әрбір маңызды қадам жұртшылықпен бірлесіп жасалуға тиіс. Атом электр стансасы туралы референдумға қатысты да дәл солай болуы керек. Референдум тақырыбының қоғам талқысына түскеніне бір жыл болды. Бұл азаматтарымыздың жан-жақты ойланып, салмақты шешім қабылдауына жеткілікті мерзім.

Бізді елең еткізген ел аузындағы бір ақпарат – белгілі голливудтық режиссер Оливер Стоун «Nuclear Now» («Время атома») атты деректі фильмі. Қазақшалап айтқанда – «Атом уақыты». Дұрысы – адамзат тарихын дәуірге бөлудің (Тас, Қола, Темір дәуірлері) жалпылама үлгілерінің бірі ретінде «Атом дәуірі» десек те болар.

ЮНЕСКО мен Кино және телевизия жөніндегі халықаралық кеңес сыйлығымен марапатталған бұл деректі фильм, атауы менмұндалап тұрғандай, еліміз үшін бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі – атом электр стансасына арналғандығымен де қызықтырды. Туындының мазмұн-бағдарымен және біз үшін өзекті осы салаға американдық режиссердің көзқарасымен танысу мақсатында ғаламтордың ашық дереккөздеріндегі картина трейлеріне үңілдік.

Расында да, біз өмір сүріп отырған тарихи кезең – ядролық энергетика мен жасанды интеллект заманы. Атом дәуірі. Бұл заманда жаһандық өркениетті елдер дамуының талабына сай қимылдамасақ, адамзат игілігі жолының көшінен қалып қоюымыз ықтимал.

Біз сөз етіп отырған «Атом уақыты» кино-туындысы – ядролық энергия жайлы адамдардың бойындағы қауіп пен үрейді сейілтп, оны адамзат алдында ақтап алу мақсатында



(Фотодереккөз: aqs2024.kz/kk).

АТОМ ДӘУІРІ

Өркениетке ұмтылған кез келген мемлекет өзі өмір сүріп отырған заманнан тыс өмір сүре алмайтынын түсінгеніміз абзал

түсірілген деректі фильм. Онда автор да, пікір білдірген маман-сарапшылар да қазба отындары Жер планетасын бірте-бірте құрдымға кетіретінін айтып, бұған жол бермес үшін саналы әлем өкілдері өздері қауіпсіз энергия көзі деп санайтын бейбіт атом жайлы жалған ақпарат тарататын ауқымды науқанға қарсы тұруға тиіс екенін ескертеді. Олардың айтуынша, «XX ғасырдың ортасында, біздің планетамыз ядролық энергияға ауысып, қазба отындарынан біртіндеп бас тарта бастаған кезде, көмір мен мұнай өндірушілердің ішін-ара қаржыландыруымен қоғамды қорқыту мен үрейлендіру мақсатында ұзақ мерзімді PR-науқан басталған». Бұл деректі фильмді түсіру кезінде режиссер Оливер Стоун Франция, Ресей және АҚШ-тың атом өнеркәсібін терең, мұқият зерттеп-зерделегенін ұғынасыз.

Режиссер адамдардың бейбіт атом туралы барлық үрей-қорқыныштарын жоққа шығарған. Аталмыш энергия көзінің жаһандық ауқымда адамзаттың көптеген мәселелерін шешетінін және мемлекеттерді өркендетуге қабілетті екенін алға тартады.

Оливер Стоун атом энергетикасының артықшылықтарын баяндайды, онсыз адамзат болашақта өмір сүре алмайтынын негіздейді. Атап айтқанда, атом энергиясы планетаны ластайтын, оның климатын құртып жатқан қазба отындарының орнына балама болмақ. Алайда, бейбіт атомның инновациялық технологиясы ұзақ уақыт бойы әлемдік қоғамда дұрыс қабылданбай келгені рас. Өйткені, ірі мұнай және көмір корпорациялары өз мүдделерін көздеп, жоғарыда айтылғандай, жиі-жиі PR-науқан ұйымдастырып, адамдарды ядролық апаттардың салдарымен үнемі қорқытып, үрейлендіріп келген.



(Фотодереккөз: dzen.ru).

«Болашақ – атом энергетикасында, ал көмір мен газ планетаға қауіп төндіреді»

Егер сарапшы-мамандарға сенсек, адамзат бір-ақ сәтте оттегі мен таза судан айырылып қалуы мүмкін. Бұған кінәлі – өз әл-ауқаты мен миллиондаған табысы жолында бүкіл адамзаттың жарқын болашағын сарп ететін әлемдегі ең бай тұлғалардың пендешілік әрекеттерге баруы. Егер бұл үрдісті тоқтатпаса, онда Жер жойылады. Қазірдің өзінде адамдар экологияға үлкен зиян келтіріп отырған дәстүрлі энергия көздерінен бас тартуы керек. Зауыттар мен фабрикалар жаңа дәуірге – атом энергетикасына көшуі керек. Автор «үлкен бизнес өкілдері мұндай түбегейлі өзгерістерге баруы үшін нендей шаралар қолданғаны жөн?» деген сауалға жауап іздейді. Жаңғырту жұмыстарына ауқымды қаражат керек болғанымен, бұл әрекеттерден бастапқыда қандай да бір пайда табамын деу де бекер әурешілік. Алайда, егер экологтар мен осы саладағы мамандардың бұл дабылы ескеріліп, дер шағында тиісті шаралар қолданылмаса, онда адамзатқа апаттың алдын алу қиына соқпақ.

Деректі фильмнің жарияланған трейлерінде режиссер мен сауалнамаға қатысқан сарапшылар «Болашақ – атом энергетикасында, ал көмір мен газ планетаға қауіп төндіреді» деп мәлімдейді: «Атом энергетикасынан қорқудың қажеті жоқ, ол адамзатты қауіптен құтқарады!». «Көмір өте қауіпті. Атом энергетикасына қатысты барлық уақыттағы және Чернобыльдағы бір ғана оқиғаға қарағанда, көмірден бірнеше апта ішінде адамдар өлімі әлдеқайда көп болған», – дейді мамандардың бірі трейлердегі сұхбатта. «Ядролық қалдықтарды утилизациялау проблемасы климаттың өзгеруі салдарынан болатын қауіппен салыстырғанда ештеңе емес», – дейді екінші сарапшы.

Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші мемлекет

Ел Президенті Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, алдағы референдум кең ауқымды жалпыұлттық диалогтың тағы

- Атом энергетикасы бүгінде III және III+ буын реакторларының жетілдірілген технологияларының арқасында қауіпсіздіктің жаңа деңгейіне жетті. Бұл заманауи реакторлар сенімді және қауіпсіз жұмыс істеуді қамтамасыз ететін ең жоғары халықаралық стандарттарды ескере отырып жасалған.
- 2009 жылдан бері Қазақстан табиғи уран өндіруден әлемде жетекші орында келеді. 2022 жылы өндіру көлемі 21,3 мың тоннаны құрады.
- АЭС – коммерциялық жоба. Серіктес ретінде таңдалған кез келген компания тек АЭС салады, бірақ жұмыс істемейді. Қытаймен, Кореямен, Ресеймен және Франциямен келіссөздер жүргізіліп жатыр. Олардың арасынан Қазақстанның қажеттіліктеріне кешенді түрде жауап бере алатыны ғана таңдалады. Сондай-ақ, америкалық (NuScale) және америкалық-жапондық бірлескен компанияларының (GE-Hitachi) төмен қуатты перспективті реакторлары зерттелуде.
- Әлеужеліде тараған деректерге сүйенсек, Қазақстанда есімдері Атом аталатын 5 адам тұрады екен. Олардың ең кішісі – 5 жаста болса, үлкені – 66 жаста. Олар Ақмола, Қостанай облыстарында, Алматы және Астана қалаларында тұрады. Бұдан бөлек есімдеріне Атом сөзін қосқан азаматтарымыз да бар. Атомжан – 2 адам, Атомбек – 6 адам, Атомбек – 2 адам; Атомтай – 1 адам. Атап өтейік, бұл есімді адамдардың 80 пайызы 47 жастан асқан және олар еліміздің 11 өңірінде тұрып жатыр.

бір айқын көрінісі болмақ. Шын мәнінде, бұл – «Халық үніне құлақ асатын мемлекетке» тән сипат. Осындай қадамдар арқылы жаңа қоғамдық-саяси мәдениеттің негізі қаланбақ. «Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші мемлекет. Ендеше, өз жерімізде атом станциясын салуға әбден қақымыз бар... Біз маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді референдум арқылы қабылдауымыз қажет», – деді Мемлекет басшысы.

Қалай десек те, электорат алдында «Атом электр станциясын салу қажет пе, жоқ па?» деген нақты сауал тұр. Күллі жаһанды атом дәуірі жайлаған бүгінгі заманда азулының жетегінде жүрмес үшін, кіл мықтылармен тереземіз тең болуы үшін дұрыс шешім қабылдағанымыз абзал. Халық көңіліндегі АЭС құрылысына қатысты күпті сауалдар – бөлек әңгіме желісі. Ең бастысы, ерте ме, кеш пе, өркениетке ұмтылған кез келген мемлекет өзі өмір сүріп отырған дәуірден тыс өмір сүре алмайтынын түсінгеніміз абзал.

Сонымен, 2024 жылғы 6 қазанда елімізде өтетін жалпыхалықтық референдум еліміз үшін маңызды қадам болмақ. Сондықтан Қазақ елінің әрбір азаматы Отан алдындағы борышын сезініп, мемлекет пен ұрпақ алдындағы парызына әлеуметтік жауапкершілікпен қарағаны жөн дер едік. Еліміздің жарқын да қауіпсіз болашағын таңдау – өз қолымызда. Әркімнің дауысы маңызды!

Төрехан ДАНИЯРОВ.

ДАМУҒАН ЕЛДЕР АЭС-ТІ ТАҢДАЙДЫ

ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРҒАН АЭС-ТЕР:

31 елде 415 ядролық энергоблок

(жалпы қуаттылығы – 373,7 млрд кВт/сағ)

САЛЫНЫП ЖАТҚАН АЭС-ТЕР:

15 елде 62 реактор

(алғашқы орында – Қытай, 28 энергоблок)

АТОМ ЭНЕРГЕТИКАСЫ БОЙЫНША КӨШБАСЫНДА ТҰРҒАН ЕЛДЕР:

- АҚШ – 94 реактор
- Франция мен Қытай – әрқайсында 56 реактордан
- Ресей – 36 реактор
- Оңтүстік Корея – 26 реактор
- Жапония – 12 реактор

(Фотодереккөз: aqs2024.kz/kk).



«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ»

ТАМАША КӨҢІЛ КҮЙ СЫЙЛАДЫ

Алматыдағы 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай салтанатты іс-шара өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Медеу ауданы әкімдігі, «Алматы жас дәрігерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі, «Белсенді өмір сүру» орталығы мен Ардагерлер кеңесі ұйымдастырған мерекелік кешке Медеу ауданы әкімінің орынбасары Айдос Нарлыбаев, «Белсенді өмір сүру» орталығының координаторы Бақтияр Камалов, қала зейнеткерлері, ардагерлер кеңесі мен аталмыш орталықтың мүшелері қатысты.

Мерекелік кеш қарттарымыздың көңіл күйін көтеріп, бір марқайтып тастады. Ашық аспан астында әуезді ән әуелеп, күмбірлеген күй шертіді. Өзгелерден ерекшеленіп ұлттық киім киген «Думан

сазы» ансамблінің мүшелері «Қазақы дастарханым» деп ән салса, ақынжанды аналар мерекеге арнап өлең оқыды, арасында барлығы бірдей флешмоб биледі. Ақ шағаладай әппақ болып кінген ата-әжелеріміз скандинавиялық жүрістен жарысқа қатысып, бақтарын сынады. Іс-шара барысында қолөнер көрмелері ұйымдастырылды.

Салтанатты іс-шара тосын сыйларға толы болды. Демеушілік танытқан «Керемет су» СKE Samalsy компаниялары қарияларға тегін су таратса, «A&D KZN (Эй энд-Ди Қазақстан) компаниясы қарттарға тегін танометрлер тарту етті.

Аға буын өкілдерінің өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, олардың тәлім-тағылымдарының орны біз үшін қашан да бөлек һәм ерек. Қазыналы қариялар тек отбасының емес, бүкіл елдің ақылшысына айналып, олардың сөзі ел ішіндегі маңызды мәселелерді шешуде салмақты орын алады.

200-ге жуық қария қатысқан мерекелік іс-шара концерттік бағдарламалармен жалғасты. Кеш соңында қатысушылар тамаша көңіл күй сыйлаған ұйымдастырушыларға алғыстарын жаудырды.



Суретті түсірген Қайрат КОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бақтияр КАМАЛОВ,
Медеу ауданы «Белсенді өмір сүру» орталығының үйлестірушісі:

АРДАГЕРІН АРДАҚТАҒАН ЕЛМІЗ

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деген аталы сөзді ұрпағының бойына сіңіріп өскен, қариясын қадірлеп, ардагерін ардақтаған елміз. Қартын сыйлап, батасын алған ұрпақпыз. Сондықтан бізге тәжірибесі мол аға буынның өмір жолы қашан да үлгі. Медеу ауданы әкімдігі «Белсенді өмір сүру» орталығымен бірге жылда осылай Қарттар күнін өз деңгейінде атап өтеді. Бұл мереке ауданымызда бір айға ұласады. Бүгінгі мереке саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-апаларымыздың құрметіне арналады.



Шәрбану НҰРҒАЛИҚЫЗЫ:
Ардагерлер кеңесінің спорттық комиссия төрайымы:

БҮЛ МЕРЕКЕНІҢ ЕЛІМІЗ ҮШІН МАҢЫЗЫ ЗОР

Халықаралық деңгейде атап өтілетін бұл мерекенің еліміз үшін маңызы зор. «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол болар» деген қазақ әр уақытта қарттарын құрметтеп өткен. Бүгінгідей жаймашуақ күнде бізге құрмет көрсетіп, ерекше көңіл бөліп келе жатқан Алматы қаласы әкіміне және Медеу ауданы әкімдігіне алғыс айтамыз.

Шопан ӘЛИЕВ,
«Думан» ықшамауданындағы «Белсенді өмір сүру» орталығының скандинавиялық жүріс жаттықтырушысы:

ДЕНСАУЛЫҒЫМЫЗ ЖАҚСЫ, КӨҢІЛІМІЗ КӨТЕРІҢКІ

Орталықта 300-ден астам мүшеміз бар. Ол жерде спорттың бірнеше түрі – би, қолөнер, компьютерлік сауаттылық, тіл үйрену секілді көптеген үйірмелер бар. Сондықтан орталықтың біз үшін орны ерекше. Жігіттер билейді, әнімізді айтып, биімізді билейміз. Жас шамамыз қатар болған соң шығар, бір-бірімізді жақсы түсінеміз. Барлығы ойымыздағыдай болған соң, денсаулығымыз жақсы, көңіл күйіміз көтеріңкі. Одан артық не керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Барлығыңызға жақсылық тілеймін!



Рысалды АХМЕТОВА,
«Белсенді өмір сүру» орталығының мүшесі:

ЖАҚСЫ ДОСТАР ТАПТЫМ

Жасым 71-де. Орталыққа бес жылдан бері келіп жүрмін. Скандинавиялық жүріске қатысып келе жатқаныма да бес жылға жуықтады. Ағылшын тілін үйреніп жатырмыз, биге қатысып жүрміз. Қазір құрбыларымызбен бірге екі айналым жүгіруден жарыс болады. Соған қатысамыз.

Спорттың бұл түрі денсаулыққа өте пайдалы екен. Бұрын жиі-жиі ауырып қалатынымын. Қазір ол күндер ұмыт болды. Уақытымызды көңілді әрі тиімді өткіземіз. Жақсы достар таптық. Біз сияқты үлкен кісілерге бұл орталық өте қатты ұнайды. Осындай қамқорлық танытып, жағдай жасап жатқан мемлекетімізге рахмет айтамыз.



Сара ДҮЙСЕКОВА,
«A&D KZN (Эй энд-Ди Қазақстан) компаниясының директоры:

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫЗ

Халықаралық Қарттар күні мен Дүниежүзілік жүрек күніне орай, біз ардагерлерімізге қолдау көрсетіп, алғысымызды білдіру үшін ерекше қайырымдылық шарасын жасауды жөн көрдік.

Бұл күн – қоғамымызды құруға өз өмірлерін арнаған адамдарға қамқорлық пен құрмет көрсетудің маңыздылығын еске салады. 1 қазан – Алматы қаласының Ардагерлер кеңесі «A&D KZN» («A&D Kazakhstan») компаниясымен бірлесіп, Ұлы Отан соғысының барлық ардагерлеріне жоғары сапалы механикалық қан қысымын өлшейтін құралдарын сыйлап отыр. Бұл құрылғылар денсаулықты және кез келген жағдайда жүрек жұмысын бақылауға көмектеседі.

AND компаниясы салауатты өмір салтын қолдайды және қоғамымыздың денсаулығын жақсартуға үлес қосуға қашан да дайын.



ӨНЕР

ҚАЗАҚ ПЕН МАЖАР ҚАЙТА ҚАУЫШТЫ

Мажарстан мен Қазақстан арасындағы мәдени ынтымақтастық аясында Мажарстанның Бас консулдығы мен Алматы қаласы музейлер музыка кешін Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде ұйымдастырды. «Лист Ференц» атындағы музыка академиясының түлектері – «Bere Banda» ансамблі өнер көрсетті.

Айнабай
МӘДИ



Кеш қонақтары дәстүрлі Венгр музыкасын тамашалады. Венгрияның Алматыдағы Бас консулы, Саболч Кара Секе мырза лебізін қазақша бастап, жиылған қауымға сәлемін жолдады: «Құрметті ханымдар мен мырзалар! Қазақстан мен Венгрияны көп нәрсе байланыстырады. Біздің басты мақсатымыз – мәдени дәстүрлерді сақтау мен екі елдің достығын нығайту. Музыка қанттарымызды сүйіспеншілікпен қарсы алыңыздар, осы сазды әуендерді жүректеріңізде сақтаңыздар».

Ансамбль мүшелері Вольта, люте, электронды кларнет, скрипка, флейта мен перкусиялық аккордеонда камералық композициялар орындады. Дунай жағалауы мен елдің таулы аймақтары, Солтүстік Венгрия мен Трансильвания музыкалық дәстүрге бай. Осы аймақтарда Бурдон музыкасы дамыған. Орындаушылар да көне музыкалық аспаптарды қалпына келтіру жайын қызықты етіп әңгімелеп берді. Ансамбль құрамындағы әншілер, орындаушылар камералық композицияны вольтада, лютеяда, электронды кларнетте, скрипкада, флейта мен ұрмалы аккордеонда өнер көрсетті. Керемет әсерге бөлендік.

Музыкада шекара болмайтынын дәл осы арада ұққандаймыз. Оның үстіне, түп-төркініміз бір. Бағзыдан бергі хабарласпай кеткен бауырымыз оралып келгендей қуаныштан бал-бұл жандық. Сазды әуенде алдымен сағыныш бар. Қыпшақ даласының жусаны аңқитындай. Сосын дауылпаз

Венгр музыкасы ғұндар көшіп келгендей әсерлі әуенге бөледі...

сар даладағы ел қорғаған сарбаздар жорығынан хабар беретіндей.

Қаладағы қоңыр кешке Қазақстандағы Мажарстан Бас консулдығының өкілдері, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясы және Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының студенттері мен оқытушылары қатысты. Іс-шарада Мажарстанда өтетін Алматы қаласы тарихы музейінің «Қазақстан көшпенділері: тарихы мен бүгіні» халықаралық көрмесінің ашылуы талқыланды. Айта кетерлігі, екі ел арасында тығыз тарихи байланыс бар. Себебі, қазіргі Мажарстан аймақтарында XIII ғасырдың бірінші жартысында Торғай даласынан қоныс аударған қыпшақ тайпаларының ұрпақтары тұрады.



Омбыда, Торғайда мадияр-қыпшақтар тұратынын білеміз.

Қазақстан мен Мажарстан ғалымдары ортақ тарихи тамырды зерттеуге өзара қызығушылық танытуда. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында Будапештте қазақ ақыны, ағартушы Абай Құнанбайұлының ескерткішінің (бюсті) ашылуы маңызды мәдени іс-шараның бірі болды.

Қаламызда өткен сазды қоңыр кеште көк түріктердің арғы атасы – Ғұн империясының жұрнағы – Мажарстаннан (Венгрия) келген қонақтар өнерімен керемет әсерге бөледі. Мадиярлар – мемлекеттік туында HUN атауын жазған рухты жұрт, бауырларымыз. Қоңыр кеш демекші, осындайда елімізде еселі еңбек етіп, ғылыми ғибратты із қалдырған қазақ жерінен, Алаудың баурайынан мәңгілік сая тапқан мажарлық атақты түркітанушы ғалым Иштуан Қоңыр Мандоки еске түседі. Әйелі қазақтың қызы – Айша апай. Венгрияда тұрады. Алматыда Қоңыр Мандоки атында мектеп те бар. Атам заманда еншісі бір болған қазақ-мажар қайта қауышқандай. Ләйім, бірлігіміз нығая берсін!

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры Грузия мен Беларусь мемлекеттерінде өткен фестивальдерде жоғары нәтижеге ие болды.

АЛМАТЫ ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ

халықаралық
фестивальдерде
топ жарды



Досбол
АТАЖАН



90 жылға жуық тарихы бар Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры елімізде және шет елдерде өткен республикалық, халықаралық театр фестивальдерінде көптеген жүлделі орынға ие болып, топ жарып

жүр. Өнер ордасы осы жылдың шілде айында тұңғыш рет Канада мемлекетінің Оттава қаласында өткен I Халықаралық «Оттава» қуыршақ театрлары фестивалінде ағылшын драматургы У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» (режиссер Дина Жұмабаева) шығармасын сахналап, «Гран-при» жүлдесіне ие болды.

Атлант мұхитының ар жағындағы

жеңістен кейін алматылық Қуыршақ театры қыркүйек айының 18–22 күндері аралығында Беларусь елінің Гродно қаласында өткен IV Халықаралық «Лялькі над Нёманом» қуыршақ театрлары фестиваліне қатысты. Онда отандық өнер ұжымы заманауи бағыттағы, тәрбиелік мәні зор, бүлдіршіндерге арналған «Қаздар мен аққулар» (режиссер Антон Зайцев) ертегісімен қатысып, «Арнайы дипломға» ие болды. Қазақстан, Беларусь, Ресей және Өзбекстанның үздік қуыршақ театрлары бас қосқан өнер мерекесінде қазақстандық ұжым көрерменнің толассыз құрметіне бөленді. Айта кеткен жөн, «Лялькі над Нёманом» Халықаралық фестивалі – Беларусь жеріндегі қуыршақ театрлары фестивалдерінің ішіндегі географиялық ауқымы әрі көркемдік деңгейі жағынан жоғары фестивальдердің бірі.

Сондай-ақ, Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры 23–27 қыркүйек аралығында

Грузияның Батуми қаласында өткізілген II Халықаралық «Batumi International Puppet Theatre Festival – 2024» қуыршақ театрлар фестиваліне Уильям Шекспирдің әйгілі пьесасы сарынымен сахналанған «Макбет. Иллюзия» (режиссер Дина Жұмабаева) қойылымымен қатысып, үздіктер қатысқан өнер додасы соңында «Үздік режиссер» номинациясын иеленді. Бұл фестивальде Қазақстаннан тыс Италия, Испания, Бразилия, Франция, Польша, Грузия мемлекеттерінің танымал театр ұжымдары бақ сынап, көрермен назарына қойылымдарын ұсынды. Фестиваль конкурстық бағытта болғандықтан, қойылымдарға шетелдік үздік сарапшылар баға берді.

Жоғары нәтижеге жеткен Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры 2024 жылдың 28 қыркүйегі мен 2 қазан күндері аралығында Грузияның Батуми, Кутаиси, Ахалцихе, Боржоми, Тбилиси қалаларында гастрольдік іссапар өткізіп, қазақ қуыршақ өнерін дәріптеді.

Еске салайық, Алматының Қуыршақ театры қазан айының 10-ы күні өзінің мерейлі 89-шы маусымының шымылдығын түреді. Өнер ордасы қала тұрғындары мен қонақтарына қуыршақтардың барлық түрлері өнер көрсететін «Жұлдызды қуыршақ» концерт-спектаклінің премьерасын көрермен назарына ұсынып, салтанатты кеш өткізбек.

● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ

Ата-ана үшін баладан асқан бақыт жоқ. Сондықтан олардың амандығы мен қауіпсіздігі ең бірінші орында екені сөзсіз. Бұл тақырып Алматыда да кеңінен талқыланып, бақылауға алынған.

А Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Рас, бала қауіпсіздігі бәрінен маңызды. Бұл мәселеде ең алдымен үйдегі ата-анаға жүктелер жауапкершіліктің орны бөлек. Сондықтан ата-ана бала тәрбиесіне айрықша көңіл бөліп, жарық дүние сыйлаған ұл-қызына жақсы мен жаманның, дұрыс пен бұрыстың аражігін ажырата білуді үйретуге міндетті.

Қазір бірен-саран болмаса, атаның барлығы таңнан қара кешке дейін жұмыста. Көбінесе бала үйде жалғыз қалады. Мектепке өздері барып, өздері қайтады. Ал үйде өзі ғана қалатын балаға «тазды қосуға болмайды, есікті бөтен адамға ашуға болмайды, терезеге жақындап қарауға болмайды» деген секілді қарапайым ережелерді үйрету көптеген қауіптің алдын алады. Әйтпесе, жазым деген аяқасты, кейде ересектердің өзі көз алдында жүгіріп жүрген балаларынан қапыда айырылып қалып жатады. Баяғыда бір анадан «Қай баланды қатты жақсы көресің?» деп сұрағанда: «Ауырған баламды жазылғанша, шығып кеткен баламды оралғанша, кіші баламды өскенше жақсы көремін. Кеудемдегі жүрегім тоқтағанша, бәрін жақсы көріп өтемін» деген екен. Ендеше, ата-ана баласының еңбектеген кезінен есейіп ақыл-тоқтатқан шағына дейін көзден таса етпеуі керек. Деректерге көз жүгіртсек, былтыр Қазақстанда 1093 бала жарақат алып, көз жұмыпты. Соның ішіндегі 200-ден астам бала терезеден құласа, оның 12-сі өлімге әкеп соқтырған.

БАЛА БАҚЫЛАУСЫЗ БОЛМАСЫН!

Бала қауіпсіздігіне қауіп төндіретін тағы бір жайт, кейінгі уақытта елімізде гаматор мен смартфон арқылы ойнайтын қауіпті ойындар қанат жая бастады. Соның салдарынан жасөспірімдер арасында оқыс оқиғалар жиілеп барады. Әлеуметтік желілердегі «терезеден құлап кетті, құдыққа батып кетті, шатырдан секіріп кетті...» деген жайсыз ақпараттар соның дәлелі бола алады.

Естеріңізде болса, осыдан екі-үш жыл бұрын «Синий кит» ойыны елді дүрліктіріп, есімізді бір шығарып еді. Енді балалар арасында ұялы телефондарына оңай жүктелетін SchoolBoy Runaway деген ойын пайда болыпты. Бала психологиясына әсер ететін қауіпті ойындардың бүгінде оннан аса түрі бар. Бұл тізімде «Тихий дом», «Разбуди меня в 4:20», «Море китов», «Синий кит», «Красный дельфин», «Млечный путь», «U19», «F57» ойындары да бар.

Білгеніміз, бұл ойындар мобильді қосымшалар арқылы да таралуы мүмкін екен. Telegram және TikTok әлеуметтік желілерінен «Бізбен ойна!» деген шақырулар келуі де ықтимал көрінеді. Мұндай үндеулерді Ozon-да сатылатын 18+ кітаптардан да табуға болады. Ал енді айдың-күннің амаңында биіктен секіріп, көз жұмған кешегі өрімдей жас қыздар осы ойындардың құрбаны болмауына кім кепіл?! Он екі де бір гүлі ашылмаған жасөспірімдерді мұндай қадамға итермелеген не жағдай? Әзірге оны ешкім дөп басып айта алмайды.



СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?
SchoolBoy Runaway-Stealth – 2024 жылдың 16 маусымында IOS және Android платформаларында, кейінірек 2024 жылдың 1 тамызында Windows үшін шығарылған мобильді басқатырғыштар ойыны. Бүгінде оны Google Play платформасынан 10 миллионнан астам адам жүктеген.

Бұл оқиғаға байланысты Мәжіліс депутаты Жұлдыз Сүлейменова өзінің Facebook парақшасында жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсауының жиілеуіне қатысты пікір білдіріп, балалардың қауіпсіздігі үшін әлеуметтік желілерге қатысты заңнамалық шараларды күшейтуді ұсынды.

Елді дүрліктірген оқиғалардан кейін әлеуметтік желілерде, ата-аналар чаттарында «балаңыздың телефонын тексеріңіз, Schoolboy Runaway ойыны жүктелген болса, дереу өшіріңіз...» деген секілді сақтық шараларын ұсынған хабарламалар толассыз келуде. Желіде

жаппай таралып жатқан ақпараттарға қарағанда, бұл ойын баланың психикасын бұзып, суицидке апаратын жағдайларға үгіттейтін көрінеді. Психологтар мұндай ойындардың құрығына ата-ана тарапынан көңіл бөлінбеген балалар ілігетінін айтып, дабыл қағуда. Өйткені, бала табиғаты ата-ананың махаббатына, әкенің қамқорлығы мен ананың мейіріміне мұқтаж. Сондықтан олар ата-анам мені жақсы көріп құшақтаса екен, менімен сөйлессе екен, мені қолдаса екен деп тұрады. Міне, осы қажеттіліктерді ала алмаған кезде баланың көңілі далаға ауып, түрлі қауіпті

● СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Жұлдыз СҮЛЕЙМЕНОВА, Мәжіліс депутаты:

АТА-АНА БАЛАЛАРЫМЕН ЖИІ СӨЙЛЕСУІ КЕРЕК
Соңғы күндері балаларымыздың өз-өзіне қол жұмсау фактілері қоғамның қатты алаңдаушылығын тудыруда. Бұл жантүршігерлік қайғылы жағдайлар ешкімді бей-жай қалдырмағаны анық. Айдың-күннің амаңында желкілдеп өсіп келе жатқан өрендерімізден айырылдык...

...Мен ұстаз ретінде, ана ретінде, депутат ретінде айтамын – мемлекет пен қоғам әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің әкімшілерінен таралып жатқан ақпаратқа бақылауды күшейтуін талап етуі керек деп санаймын. Таралып жатқан заңсыз, зиянды, бұлдіршіндердің санасын ұлайтын жүкте-мелерге бақылауды оқыс күшейтуді қатаң талап ету керек. Олар «меморганнан құқықтық тұрғыдан негізделген талап-арыз күтіп отырмыз» деп сылтау-ратпай, қауіпті контенттің таралуына жол бермеу үшін өздерінің жұмыс алгоритмдерін өзгертуді тиіс. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, шындап келгенде бұл әлеуметтік желілер мен мессенджерлер иелерінің қолынан келетін шаруа.

Егер мұндай талап орындалмайтын болса, онда мемлекет бақылауды күшейтсін. Барлық қауіпті контентке қатаң тосқауыл қойылсын. Ал жекелеген контентке тосқауыл қоюға қол жеткізу мүмкін болмайтын болса, онда нақты заң бұзған әлеуметтік желі немесе мессенджер бұғатталуы керек.

Біздің балаларымыздың өміріне қауіп төніп тұрғанда ешқандай меймөңкеге жол беруге болмайды. Мен мұны ана ретінде, педагог ретінде айтып отырмын. Барлық ата-аналар мен педагогикалық қауымдастық мені толықтай қолдайды деп білемін. Тағы да қайталап айтамын, бұл мәселеде жайбасарлыққа жол беруге болмайды, дереу іске кірісу керек!

(Facebook парақшасынан).



Айгүл АСҚАРҚЫЗЫ, балалар психологы:

АҚПАРАТТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТУ МАҢЫЗДЫ

Ата-ана баланы ерте жастан бастап қоршаған ортадағы түрлі әлеуметтік, физикалық, психологиялық жағдаяттар туралы үнемі айтып, ескертіп, алдын алып отырған жөн. Кейінгі кездері елімізде балалар мен жасөспірімдер арасында қайғылы оқиғалар орын алуда. Бүгінгі балалар мен жасөспірімдердің қолында гаджеттердің жүруі қалыпты жағдайға айналып барады. Бұл құрылғылардың бала үшін пайдасынан зияны көбірек.

Ондағы қауіпті ойындар психологиялық тұрғыдан баланы агрессияға, қорқынышқа, күйзеліске тез бейімдейді. Нәтижесінде бала өз әлемінен алыстап, өзіне қол салуға дейін барады. Мұның негізгі себептері интернеттегі булинг ойындары арқылы балаға психологиялық шабуыл жасалудан туындайды. Әсіресе, мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдер бақылаусыз қауіпті ойындардың құрбанына айналғанын білмей де қалады.

Мұндай қауіпті жағдай туындамас үшін балаларды смартфондағы түрлі қауіпті ойындардан қорғау керек. Балабақша, мектеп әкімшіліктері қауіпті ойындар туралы ақпараттандыру шараларын күшейту маңызды. Ата-аналар тарапынан, баланың смартфондарына бақылау бағдарламасы арқылы ойындарға шектеу қою керек.

жағдайлардың жетегінде кетеді. Ал оның соңы қайғылы жағдайға душар етпеуі үшін ата-ана баласы тұтынатын контентті жиі бақылап, оны сүзгіден өткізіп отыруы тиіс.

ЖАҒАМЫЗДЫ ҰСТАДЫҚ...

Өткен сенбіде бауырларымызбен бас қостық. Дастархан басында әлеуметтік желідегі қауіпті ойын туралы әңгіме қозғадық. Үлкеніміз кішімізге балаларымызды бақылаусыз қалдырмайық деп ақыл-кеңесімізді беріп отырғанбыз. «Бұл ойынды біздің балалар біле ме екен?» деген оймен сұрап көрсек, «сізге өтірік маған шын», 3-4-5-сыныпта оқитын ұл-қыздарымыздың барлығы жарыса айтып, сайрап тұр, тіпті, ойнап көргендерін айтқанда жағамызды ұстадық.

Айтуларына, ойынды ойнайтын бала ата-анасынан жасырынып, қаша беруі керек. Ойынның ең соңғы турында шатырға шығып кетіп, құлауы тиіс екен. Арасында менің ұлым да: «Мен де білем. Ойнап бастасам, тапсырмалары ұнамады. Содан соң өшіріп тастадым» дегенде, төбемнен тас түскендей болды. Қатты қорықтым. Артық жаман қылығын көрмеген соң көңіліміз тыныш жүретін. Енді мынадай сөздерден кейін біз де балаларымыздың телефондарын тексеріп, үнемі бақылауда ұстайтын болдық.

Иә, жасөспірім шағында бала кез келген әдетке тез икемделгіш, еліктегіш келеді. Міне, сол кезде оларға дұрыс бағыт-бағдар берудің маңызы зор. Психологтардың айтуынша, еліміздегі көмелетке толмағандар арасында суицидтің жиілеп кеткен жағдайларына әлеуметтік желінің ықпалы көп. Сонымен қатар, TikTok қосымшасы да балалардың психоэмоционалды жағдайының нашарлауына әсер етеді деген пікірде. Зерттеулерге сүйенсек, қазіргі таңда TikTok қосымшасын 10 миллионнан артық адам ұялы телефонына жүктеген екен.

ШЕКТЕН ТЫС ЕРКЕЛЕТУ ДҰРЫС ЕМЕС

Жасыратыны жоқ, бүгінгі балалар адам жанынан басқаның барлығын

● ТҮЙІН:

Қалай десек те, интернет – заманның озық жетістігі екені рас. Оның игілігін көріп жатқанымызды да жоққа шығаруға болмас. Бірақ заман ағымы осы екен деп балаларға телефонды ұстатып қоя берудің соңы жақсылыққа апармайды. Бүгінгі балалар сырласатын ата-анаға, еркін әңгіме-дүкен құруға зәру. Егер балам аман болсын, жақсы азамат болсын тәрбиені, ұялы байланысқа шектеу қойып, қазақы дәстүрімізді қолға алыңыз. Балаға жетпей жатқаны осы!

● КЕРЕК ДЕРЕК

Берік АСЫЛОВ, ҚР Бас прокуроры:

15 МЫҢ ЗИЯН САЙТ ПЕН СІЛТЕМЕ БҰҒАТТАЛДЫ

Балалардың өзіне-өзі қол жұмсау толқыны қоғамда резонанс тудырды. Прокурорларға әр факт бойынша тергеуді ерекше бақылауды тапсырдым. Жалпы, әлеуметтік желілер балалардың суицид белсенділігіне әсер ететіндіктен прокурорлар 15 мың зиян сайт пен сілтемені бұғаттауға қол жеткізді.

(«Х» әлеуметтік желісіндегі парақшасынан).



КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

Киберсауаттылықты арттыратын кез келді

Қазіргі таңда кибер-қауіпсіздікті сақтау аса маңызды болып тұр. Өйткені, бүгінгі қоғам тіршілігі әлеужелідегі торапқа тікелей байланысты. Сол себепті, «өз-өзіңе бекем бол, көршіңді ұры тұтпа» дегіміз келеді.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Бұрын қауіпті төтеннен келген апаттан көретінбіз. Сол себепті, жолда жүргенде, ки-мыл-қозғалыста сақтық сақтайтынбыз. Ауыз-ға абай болып, артық қылық жасамауға тыры-сатынбыз. Бұның бәрі көзге көрінетін іс-әрекет еді. Ал бүгінгі ахуал олай емес сияқты.

Әр адам желіні қолданады. Ғаламтордан



(Сурет: Tass.ru).

керегін іздейді. Ал кейбіреу үшін бұл тек уа-қыт өткізу алаңы ғана. Дегенмен, соның өзінде киберсауаттылықты арттыратын кез келді.

Қазір бәріміз өзімізді сауатты адам сезі-неміз. Десе де, үштен біріміз интернет-мес-сенджердің арқасында қаржы жымқыратын-дарды білмейді. Интернет алаяқтықты естісе де, жеке деректеріне сақтық танытпайды. Соның салдарынан қалтасы қағылып қала-тындар да баршылық. Елімізде кейінгі кез-дері интернет алаяқтығы 10 есе өсіпті. Бұл дүниені жаулаған тораптың даму қарқынына да байланысты болып отыр. Сондықтан сақ-танып жүрген пайдалы.

ТҮЙІН:

Бүгінгідей ақпараттық технологиялар заманында әр істі аңдап істеген жөн боп тұр. Егер шалыс басып, өзіңіз туралы мәліметті жариялауға жол беріп қойсаңыз, мұның салдарымен күресуге тура келеді. Мейлінше киберқауіпсіздікті сақтауымыз қажет.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Абай МАХМУДИНОВ,
IT маманы:

Ғаламторды байқап қолданған жөн

Біз жаңа инновациялық дәуірде өмір сүріп жатырмыз. Әрбір адам технологияға байланған. Жас та, жасамыс та смартфон қолданады. Әрқайсысы өзіне қажетті контентті іздейді. Сондай-ақ, Facebook, Instagram, TikTok әлеуметтік желілеріне кіреді. YouTube қарайды. Алайда, интернеттің пайдасы мен зияны бірдей екендігін біле бер-

мейді.

Егер бір адам өзіне қажетті дүниені ғаламтордан жиі іздесе, автоматты түрде сондай мағынадағы нәрсе тағы шыға береді. Керек десеңіз, кімнің қандай бейнеролик көргендігі Wifi арқылы білініп қалады. Сондықтан бүгінгі күні біреуден бірдеңе жасыру қиын болып барады. Тағы бір проблема – контентте. Үлкен мен кіші жастағыларға арналған жүйе бар. Бірақ бұған назар аударатындар некен-саяк. Бізге келетіндердің көбісі ата-аналар. Олар өз балаларының телефонға телміріп, тіпті ұзақ уақытын гаджетпен өткізетініне алаңдайды. Соның үшін де арнайы жас мөлшерлемесіне орай шектеу қойдырып жатады. Өлгінде айтқанымдай, бұлай баласын қадағалайтындар көп емес.

Қазіргі заманда өзіңіздің ақпараттарыңызды барынша қорғаған жөн. Сіздің компью-теріңіз тек өзіңіздікі екен деп ойламаңыз. Егер ашық-шашық күйде қалса, онда кез келгенге қолжетімді болады. Ал мұндай немқұрайдылық бір күні сан соқтыруы мүмкін. Сол себепті, әрбір істі ноутбук немесе жеке компьютерден орындап біткен соң, сөндіріп қойған дұрыс. Өйткені, «Сақтықта қорлық жоқ» дейді. Бұл рас негізі!



Өркен МЫРЗАБЕК,
тележурналист әрі сарапшы:

Интернет алаяқтарын заңмен тыю керек

Өзіміз тілші болып көп ақпаратты зерделеп, қараймыз. Көптеген сарапшы мамандардан пікір аламыз. Сонда бір аң-ғарғаным – киберқауіпсіздік. Бұл бойынша бірталай істер атқа-рылып жатыр. Алайда, банктен жалған несие рәсімдеу, біреудің есеп-шотындағы қаржыны жымқыру тыйылмай келеді. Бұған қанша жерден заңмен тыйым салынып тосқауыл қойылды. Алайда, айналып өтіп, айлакерлер айласын асыруда. Қайтп доғарту қажеттігін ешкім біле бермейді.

Негізінен, мемлекеттік қауіпсіздік саясаты мықты. Десе де, қарапайым адам қо-лындағы бес-он тиынмен күн көріп отыр. Жалған ақпарат таратушылар азаматтарды алдап, өз білгенін істеп әлек. Қайткенде де, ондайларды заң жүзінде жазаға тартқан дұрыс. Өйтпесе, интернет арқылы арбау-алдау жалғаса береді.

Жас балалар көбіне көп видео, фото жүктеп, өзін де интернетке жүктейді. Кейбір үлкен танымал адамдардың өзі қайда жүріп-тұрғанын жарнамалап жүреді. Өлбетте, қалталы адам жөнін тауып, құзырлы органға жүгінер. Дейтұрғанмен, жұрттың бәрі заң-зақонды біле бермесі анық. Сондықтан халықты жаппай сауаттандыратын бір ортақ киберқауіпсіздік туралы жоба қажет. Бәлкім, бұл жайында БАҚ, интернет сайт-тар арқылы арнайы құлақтандыру, сауаттандыру жүргізген абзалырақ болар. Сонда ғана алаяқтардың жолы кесілер.

ІШКІ МИГРАЦИЯ

МАГНИТТІ МЕГАПОЛИС

Қалаға көшіп келушілер неге азаймай тұр?

Алматыға көшіп келетіндердің саны азаяр емес. Әсіресе, осы мезгілде қалаға қоныс аудару-шылардың саны күрт өседі екен. Ал ел ішінде бір жылда көшкен-дердің саны 26%-ға өскен. Былтыр қаңтар-қыркүйекте ішкі көші-қонға 733 мың адам, облысаралық қоныс аударуға 338 мың адам қатысқан.



(Сурет: ашық дереккөзден)

адам басқа өңірлерге қоныс аударған. Бұл жағдай урбандалу процесімен түсіндіріледі.

Басқа аймақтардан көшкендердің жартысынан көбі жазарыда айтып өткендей, үш қаланың біріне тұрақты тұруға барады. Меніңше, мұның артықшылығы да, кемшілігі де бірдей. Ішкі миграциядағы бұл процесс экономиканың өсіміне, адами капиталдың қалыптасуына оң әсерін тигізеді», – дейді ол.

Сондай-ақ, урбандалу процесінің стихиялы болуы мен халық санының жоғары деңгейде өсуі, яғни мұншалықты үлкен толқынмен болуы инфрақұрылымның жетіспеуіне, экология мен қоғамдық қауіпсіздікке кері әсерін тигізеді.

Демографтың айтуынша, халықтың қарқыны жоғары аймақтардағы демографиялық өсім әлеуметтік жағдаймен сәйкес жүрмей жатыр. Алматы еліміздегі маңызы бар қала болып қалыптасқанына біраз жыл өтсе де, оның халықты өзіне тарту процесі өте жоғары. Өзім де осы шаһарға жиі барып тұрамын. Байқағаным, қалаға келетіндердің саны өте көп. Демографияда халықтың оптимумы немесе оптималды саны деген термин бар. Алматы сол оптимумының деңгейінен асып кеткен сияқты. Мұны демограф, экономист ғалымдар әртүрлі түсіндіріп жатады. Оптимум бойынша қаланың да-муына, экономикасына басқа да жағдайларына халықтың саны тұспа-тұс келуі керек. Алматыда халық саны оптимал-ды шегінен асып кетті. Қазірдің өзінде қалада кіріс көзі тұрақсыз, жұмыс күші арзан, халықтың кіріс деңгейінің тө-мендеуі байқалады.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Магнит мегаполистер ішкі мигранттарды тарту орталық-тары болып қала береді. Мәселен, былтыр Астанаға 103 мың-нан аса адам, Алматыға 94 мың адам тұрақты тұруға келген. Алматы келушілердің саны бойынша басқа мегаполистерден көш ілгері тұр. Былтырғы мәліметтер бұл қалаға әсіресе, оң-түстік аймақтардан көшіп келетіндердің көп екенін көрсетті. Халықтың бір аймақтан екіншісіне қоныс аударуына не се-беп? Ішкі миграция мен урбанизация көрсеткіші қалай кө-бейді? Ірі қалалардағы халық саны қалай өсіп жатыр? Осы сауалдарға мамандар жауап берген еді.

Жалпы, ішкі миграция өңіраралық және өңірлік миграция болып 2-ге бөлінеді. Республикалық маңызы бар үш өңір – Астана, Алматы, Шымкенттен басқа аймақтардың барлығы донор өңірлерге жатады. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, кейінгі он жылда бұл үш үлкен мегаполиске көшіп келгендердің саны басқа өңірлерге кетушілердің саны-нан әлдеқайда көп. Сондықтан республикадағы магнит қала-лар деп осы үш шаһарды айта аламыз.

Экономикалық зерттеулер институтының сарапшысы, PhD, демограф Шынар Пазылбекқызы бұл процесте ел аймақ-тары біркелкі дамымай, түрлі өңірде табыс пен прогресс мүмкіндігі әртүрлі болады дейді.

«Былтыр Алматыға 93 977 адам көшіп келсе, 55 мың

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сабира
СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
әлеуметтану
саласындағы PhD,
қауымдастырылған
профессор:



Ішкі көші-қонға не әсер етеді?

Ішкі миграция дәстүрлі түрде Қазақстан сияқты дамушы елдерде басым үрдіс ретінде урбанизация контекстінде қарастырылады. 2021 жылғы Ұлттық халық санағы бойынша Қазақстан халқының 61,2 пайызы қалаларда тұрады. Жыл сайын миллионнан астам адам ішкі көші-қонға қатысады. Ішкі көші-қон құрылымын талдай келе, өңірішілік көші-қонның өңіраралық көші-қонға қарағанда басым екендігін байқаймыз. Қала халқының едәуір бөлігі елдегі жалпы қала халқының 37%-ын құрайтын Астана, Алматы және Шымкент қалаларында шоғырланған. Алматы сияқты ірі қалаларда бірнеше мәселе туындауы мүмкін. Солардың бірі – кейінгі кездері әріптестері-мен бірге зерттеп жүрген ішкі мигранттардың ин-теграциясы мәселесін атап өткім келеді. Құжат-тарды рәсімдеп, тіркеуден өтуде, әлеуметтік және басқа да қызметтерді аларда кедергіге тап болуы мүмкін. Жұмыс орны тапшылығы мен табыс дең-гейінің төмендегі ішкі мигранттардың әлеуметтік жағдайына әсер етеді. Ішкі миграция мен урбаниза-ция көрсеткіші көбейді.

Кейінгі онжылдықта Қазақстанның ірі қалалары көші-қон ағынының ошағына айналды. Елдегі қала халқы 2021 жылдың басында 2011 жылдың басымен салыстырғанда, 2178 мың адамға немесе 4,1 пайызға өсіп, республика халқының жалпы санының 59,1%-ын құрады. 2021 жылғы халық санағының қорытындысы бойынша қала халқының үлесі 61,2%-ды, ауыл халқы-ның үлесі 38,8%-ды құрады. 2010–2020 жылдардағы көші-қон көлемі 2018 жыл мен пандемия кезінде аздап төмендегенімен, қазіргі таңда ішкі миграция мен урбанизация көлемі көбейгенін байқаймыз.



ХОККЕЙ



(Сурет: ҚР Хоккей Федерациясы).

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

Алматыда қараша айында хоккейден Азия чемпионаты өтеді.

Турнир 2024 жылғы 6–9 қарашаға жоспарланған. Чемпионат Алматыдағы Halyk Arena стадионында өтпек. Қазақстан құрамасының қарсыластары Жапония, Корея және Қытай командалары болады. Соңғы рет Halyk Arena-да халықаралық хоккей жарыстары 2017 жылғы Универсиада ая-


сында өткен. Ол кезде біздің студенттік құрама күміс жүлделерді еншілеген болатын.

Айта кеткен жөн, хоккейден әйелдер арасындағы Азия чемпионаты 2024 жылғы 31 қазан мен 3 қараша аралығында Қытай астанасы Бейжінде өтеді. Чемпионатқа Қазақстан, Жапония, Корея және Қытай елдерінің құрамалары да қатысады. Алдағы турнирлер 2025 жылғы 7–14 ақпан аралығында Қытайдың Харбин қаласында өтетін Азия ойындарына дайындық жарыстары болып саналады.

ТЕННИС

ӘЛЕМ ЖҰЛДЫЗДАРЫ
Алматыда жиналады

Алматы қаласында 2024 жылғы 13–20 қазанда алғаш рет теннистен ATP 250 турнирі өтеді. Оған қатысатын әлемдік жұлдыздардың есімдері белгілі болды.



Тізім көшін 2023 жылғы Astana Open ATP 250 турнирінің финалисі, америкалық Себастьян Корда (15 ATP), америкалық Фрэнсис Тиафо (16 ATP), Чили өкілі Алехандро Табило (22 ATP), ресейлік Карен Хачанов (23 ATP), Франциялық Артур Фис (25 ATP) және қазақстандық Александр Бублик бастады. Сондай-ақ, еліміздің оңтүстік астана-сында өтетін жарысқа италиялық Флавио Каболли (32 ATP), чехиялық Томас Махач (35 ATP), өткен жылғы Astana Open ATP 250 турнирінің чемпионы, Франциялық Адриан Маннарино (46 ATP), мажарстандық Фабиан Маррожан (49 ATP), әлемнің бұрынғы 9-ракеткасы, италиялық Фабио Фоньини және басқа да ойыншылар қатысады.

Қазақстан намысын ұлттық құрама көшбасшысы Александр Бубликтен басқа Александр Шевченко, Михаил Кукушкин, Тимофей

Скатов, Бейбіт Жұқаев және Денис Евсеев, жұптық сында Александр Недовесов қорғайды.

«Біз биыл жиналған құрамға өте ризамыз, өйткені олар – осы маусымда өздерін жақсы көрсеткен мықты теннисшілер. Биыл ТОП ойыншыларды шақыру өте қиынға түсті. Себебі, Синнер, Алькарас, Джокович, Медведев және Надаль сияқты алғашқы алтылыққа кіретін ойыншылар Сауд Арабиясында болатын көрме турнирде өнер көрсетеді. Олар онда өте көп табыс табады, теннисшілер кепілдіктерін қосқанда, Сауд турнирінің жалпы жүлде қоры 15 миллион АҚШ долларын құрайды. Әрине, біз ойыншылар тарту үшін мұндай көлемде қаржы жұмсамаймыз. Өйткені, біздің басты мақсатымыз – қазақстандық спортты дамыту», – деді Қазақстан теннис федерациясының ресми өкілі Юрий Польский.

НЫСАНА КӨЗДЕУ

Алматы облысындағы Александр Асанов атындағы стенд ату клубында Азия Кубогы аяқталды. Биылғы бәсекеде 14 мемлекеттен келген 200-ден астам стенд ату шебері бақ сынады.

Қазақстан құрамасы скит және трап бағдарламасын қосқанда 14 медаль (6 алтын, 3 күміс, 5 қола) еншіледі. Атап айтқанда, скит бойынша жеке сында – Әсем Орынбай, Эдуард Ещенко, жасөспірімдер арасында – Никита Моисеев, «Скит» әйелдер командасы – Әсем Орынбай, Зоя Кравченко, Адель Садақбаева, «Скит» ерлер командасы – Эдуард Ещенко, Давид Почивалов, Илья Пеньков, сондай-ақ аралас жұптық сында – Әсем Орынбай, Эдуард Ещенко алтын алды.

«Трап» бойынша жеке сында Әлішер Айсалбаев және командалық жарыста Қазақстан ерлер командасы (Әлішер Айсалбаев, Марк

КИНОКЕҢІСТІК

ҚАЖЫМҰҚАН

дүниені дүр сілкіндірген көркем фильм көрерменге жол тартады

10 қазаннан бастап еліміздің барлық кинотеатрында «Қажымұқан» көркем фильмі көрсетіле бастайды. Жер-жаһанда шарлап, жауырыны жер иіскемеген даңқты балуан жайлы кинофильмнің режиссері Қанафат Мұстафин тарихи фильм сценарийіне 2012 жылы кірісіп, 2020 жылы түсірілімді бастаған. Арада төрт жыл өткенде, міне, көркем фильм үлкен экранға ұсынылғалы тұр.

Айнабай
МӘДИ

Кинотуынды ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілді.

Қажымұқан Мұңайтпасұлы – француз (грек-рим) күресінен әлем чемпионы атанған тұңғыш қазақ. Бүкіләлемдік, ресейлік супер ауыр салмақтағы классикалық күрес чемпионаттарының бірнеше дүркін жеңімпазы.



– Құдай берген дене қуатымен шектеліп қалмай, француз күресінің айла-тәсілін шебер меңгерген Қажымұқан өз заманының ең үздік балуандарының жауырынын жер иіскеткен балуан. Қ.Мұңайтпасұлы – спорттық

жетістігімен бүкіл әлемге мәшһүр болған тұңғыш қазақ. Париж, Гамбург, Гетеборг, Лондонда кілемге шықты. Буэнос-Айрес пен Чикагоны шарлады, Токио мен Стамбулда күресті, – деп ойымен бөлісті режиссер Қ.Мұстафин.

Қазақстан мергендері
Азия Кубогында топ жарды

Почивалов, Виктор Хасянов) және «дубль-трап» бойынша ерлер арасында Әлішер Айсалбаев, Владлен Калимулин, Артем Чукулаев күміс жүлде иеленді.

Азия Кубогының нәтижесі бойынша қола жүлде Марк Почиваловқа (трап), Давид Почиваловқа (скит), Айжан Досмағамбетоваға

(трап), Владлен Калимулинге (дубль-трап), Қазақстан әйелдер командасына (трап) бұйырды.

Туризм және спорт министрі Ербол Мырзабосынов стенд атудан ұлттық құрама спортшыларын жоғары жетістігімен құттықтады.

«Стенд атудан елімізде алғаш рет ұйымдастырылған

Азия кубогында Қазақстан ұлттық құрамасының спортшылары керемет нәтиже көрсетіп, жалпыкомандалық есепте топ жарды. Жарысқа құрлықтағы 15 елден 200-ден астам таңдаулы спортшы қатысты. Байрақты бәсекеде жерлестеріміз 6 алтын, 3 күміс және 5 қола медаль олжалап, Азияның үздігі екенін дәлелдеді. Отандық мергендерді айтулы табысымен шын жүректен құттықтаймын. Бұл – бірнеше жылғы тынымсыз еңбектің, спорттағы жүйелі жұмыстың айқын нәтижесі. Кейінгі жылдары елімізде стенд ату спорты қарқынды дамып келеді. Жерлестеріміз әрдайым Әлем кубогы мен Азия ойындарында үздіктер қатарынан көрініп, халықаралық жарыстарда да жеңіс тұғырынан көрініп жүр. Стенд атудағы бұл жеңіс осы спорт түрімен айналысатын жастарды биік белестерді бағындыруға ынталандырады деп сенемін», – деді Ербол Мырзабосынов.

ДЖИУ-ДЖИТСУ

КІЛ МЫҚТЫ БАЛУАНДАР

Алматыда джиу-джитсудан республикалық AIGA Kuz Open 2024 турнирі басталды. Жарыс 6 қазанға дейін жалғасады

Алматының ADD ARENA орталығында алыс-жақын шет елдерден келген спортшылардың қатысуымен жыл сайынғы AIGA Kuz Open 2024 республикалық турнирі өтіп жатыр. Жарыс ұйымдастыру-

шысы – «Қазақстан бразилиялық джиу-джитсу және грэпплинг федерациясы» РҚБ. Осы турнир аясында 6 қазан күні Қазақстан Республикасы университеттерінің студенттік командалары ара-

сында 5 салмақ дәрежесінде «AIGA STUDENTS LEAGUE» жарысы өтеді.

Жарыстың бірінші күні AIGA грэпплингтен жеке формат бойынша жарыс өтуде. Екінші күні спортшылары бразилиялық джиу-джитсудан бақ сынады. 6 қазан күні келесі университеттер командалары жарысады:

Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы, Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университеті, ҚазҰМУ, АГЭУ, ҚБТУ, Нархоз, Satbayev University, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Халықтар Достығы Университеті Қуатбеков атындағы дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы, Жұбанова және Орталық Азия Инновациялық Университеті. Студенттік командалар 60 келі, 65 келі, 70 келі, 76 келі және 83 келі салмақ дәрежелерінде күресседі.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ЛА-СКАЛАДА ӘН САЛҒАН ӘНШІ

Алматы қаласының тұрғыны Кенжалы Толысбайұлы есімі елге белгілі ғалым. Қазақ ғылымының өркендеуіне үлес қосқан азамат философия ғылымының кандидаты, доцент, жаратылыстану ғылымдары академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының авторы. Қазақтың Асан қайғысын қайтадан тірілткен кісі. Ұлтжанды азаматтың өмірден көргені де, түйгені де көп. Әсіресе, қазақтан шыққан әйгілі әнші, қайталанбас өнер иесі Амангелді Сембинмен қоян-қолтық араласып бірге жүрген. Сол күндерін сағына еске алған ғалым әншімен өткен жылдарын, адал достығын ерекше құрметпен еске алады.



КӨРГЕН ТҮСТЕЙ ӨТТІ ДЕ КЕТТІ

— Маған Амангелді Сембиндей досым туралы айту өте қиын. Иә, Амангелдінің көзін көрген, оның қолын ұстап, құшағына қысқан адамның бірі мен едім. Бәрі де көрген түстей өтті де кетті. Сол досым жайлы көзімнің тірісінде аз-кем айтып кетсем деп едім. Кім біледі, мен де базардан қайтқан жандардың бірімін ғой. Келер жылы Амангелдінің 80 жылдығы келе жатыр. Осынау мерейтойды қалай қарсы аламыз? Өнер иесін еске алып, оның есімін жаңғыртатындар бар ма екен? Кезінде Амангелді туралы жазып, қазақтың атақты ақыны Күләш Ахметова өлеңмен өлместей ескерткіш қойды. Қағазда Қали Сәрсенбай мен өзің жазған мақалалар қалды. Енді жақын досы ретінде менің де бір естелік айтуыма болатын шығар, — деп бастады әңгімесін Кенжалы Толысбайұлы.

— Біз сонау Кенес Одағы тұсында білім алған, сол кезеңнің ұрпағымыз ғой. Ол кезде әлемнің назарын өзіңе аударып, танымал болу оңай болмайтын. Қанша талант болсаң да, атақты болу-болмауыңды Мәскеу қарайтын, сол жаққа тікелей байланысты болатын. Ал Амангелді Сембин сондай қиын уақыттың дегеніне көнбей, үдеден шыққан бірден-бір әнші болды. Талай байрақты бәсекеге Кеңес Одағының атынан қатысып, абыроймен оралып жүрді.

Жалпы, опера өнерінде көбіне капиталистік, мықты деген мемлекеттердің жұлдыздарының ғана бағы жанып, жарып шығатын. Сондықтан шалғай ауылдан шыққан Амангелдінің бүкіл әлемді өзіне тәнті етуі әрине, ерекше құбылыс болды. Ол Ла-Скалада өнер көрсеткен тұңғыш қазақ әншісі. Оның өнерін тәкаппар итальяндықтардың өздері де мойындады. Сонымен не керек, екеуіміздің таныстығымыз ойда-жоқта басталды. Ол бір қиындау, менің Ғылым академиясынан жұмыстан кетіп, құлазып жүрген кезім еді.

Қысқасы, жұмыс іздеп жүрген бетім ғой. Өз ойыммен келе жатып, Қазақ радиосынан шығып келе жатқан Амангелді

Сембинге көзімнің түскені. Атағы дүрілдеп тұрған әйгілі әншіні сырттай жақсы танығаныммен, өзін көріп тұрғаным осы. Ол Амангелдінің нағыз жалындап тұрған уақыты, отыздағы кезі болатын. Бұл — 1975 жыл еді. Таныса келе, әңгімеміз жарасып сала берді. Ол кезде «Мир» деп аталатын, қазіргі Желтоқсан көшесімен жоғары қарай келе жатырмыз. Бір кезде Амангелдінің «аға, жүріңіз үйге, қонақ болыңыз» дегені. Үйі де сол маңнан алыс емес, Тимирязев көшесінің бойында екен. Ол кезде алғашқы отбасымен тұратын, жолдасының есімі Мақпал ғой деймін. Содан біразға дейін отырдық, ет жеп, шәй іштік. Арасында Амангелді ән салады, біз тыңдаймыз. Осылайша таныстығымыз достыққа ұласып, тай-құлындай тебісіп бірге жүретін болдық. Бізбен бірге Өтеген деген көрші жігіті де болды.

Осылайша үшеуіміздің басымызды тағдыр тоғыстырды. Үнемі бірге жүреміз. Ол да бір аккөңіл, адал азамат болатын. Өзі биология ғылымы саласында еңбек етті. Содан не керек, менің үйім де сол тұстан алыс болмай шықты. Ол кезде мен Шашкин—эл-Фарабиде тұратынмын. Бірімізді-біріміз іздеп жүрдік, көрмесек сағынысып тұратынбыз. Сондай қызықты күндер өтіп жатты. Содан не керек, түрлі жағдайлар болды ғой. Оны қайталап кайтеміз. Амангелді екінші рет үйленіп, өмірін қайта бастады.

Біз жалпы, ән өнерінің падишасы Әміре дейміз ғой. Бәлкім, ол кісінің орны бөлек шығар. Бірақ Амангелді одан артық болмаса, кем түспейтін. Бұл — менің жеке пікірім. Мына кереметке қарасанызшы, Амангелдіні бір концертте тіпті 19 рет биске шақырған ғой. Бұл енді өте сирек кездесетін қошемет. Әлемнің мен деген мықтыларының өзіне мұндай құрмет көрсетілмеген.

АМАНГЕЛДІ ӘН САЛСА КӨРШІЛЕРІ ТЫНА ҚАЛАТЫН

Мен Амангелдінің дауысын оның қиналып жүрген, қиын сәтінде де тыңдадым. Бір кезде ол Сейфуллин мен Абайдың қиылысындағы төрт қабатты үйдің

екінші қабатында тұрды. Сонда Амангелді ән салса болды, көршілері тына қалатын. Қабырғаны ұрғылап, тоқтатпайтын. Қайта айтса екен деп, ән тыңдайтын еді. Ондай кезде мен жылайтынмын, кейде екеуіміз қосыла жылаймыз. Қойшы не керек, тіпті бір кездері Амангелді аяғынан да қалған кез болды. Сол жылдары Ақсай жақта Болат деген емші бар еді. Соған апарып емдеттім.

Иә... қазір ол қай жыл екенін ұмытып отырмын. Қоштасар сәттің жақын қалғанын сездірді ме екен, бірде Амангелдінің соңғы қызмет еткен мекемесіне бардым. Екеуіміз оңаша шығып әңгімелестік. Сол кезде Амангелді «Сен Асан қайғыны жаздың ғой. Сендей жолдасты көрген жоқпын» деп қолтаңба жазып, «Ән әліп-песі» атты еңбегін тарту етті. Қазір Сембинді сағынғанда сол кітапшасын парақтап, маржандай төгілген сөйлемдерін оқып отырамын. Сосын ол «Кенжеке, маған бәрі надоед болды. Басшысы да, басқасы да. Тіпті, мына жерде жұмыс та істегім келмейді», — деді. Мен не айтайын, бар айтқаным «шыдасайшы» болды. Сол жолы оның көкірегі ыза мен ашуға толып тұрды. Енді қайтсін, жұмыс істемейін десе, қолдау білдіріп, көмектесетін Қонаев жоқ. Маңдайынан сипап, «дүниеге сыймай кеттің-ау» деп ауыр күрсінетін анасы ғана еді. Ол кісі де жоқ. Бір құдайға сыйынайықшы дедім. Бір күні Өтеген досымнан «Амангелді ауырып жатыр екен» деген хабар келді. Ойымда ештеңе жоқ. Сол жеңіл-желпі, тұмау-сұмау болар деп ойладым. Артынша «Амангелді Сембин қайтты» деген қаралы хабар да жетті ғой...

ӨКІНІШ ӨЗЕГІМІЗДІ ӨРТЕДІ

Сол кездегі менің күйімді саған қазір сөзбен жеткізе алмаймын. Күңіреніп кеттім ғой, күңіреніп кеттім. Дереве «Мамырдағы» Заманбек берген 4 бөлмелі үйіне жеттік. Жыладық, жоқтадық. Әншінің соңғы сөзі «Әдемі өмірімде қор болдым ғой» болыпты. Өкініш тіпті өзегімізді өртеді. Бұрынғылардан қалған бір сөз бар ғой. «Тағдыр келгенде көз көрмейді» деген. Сол сөз рас екен. Жерлеу рәсімін өмірінің соңғы жылдарында еңбек еткен оқу ордасының алдындағы шағын алаңқайда Өнер академиясының ректорына айтып, қоштасу жағын Асанәлі Әшімов ұйымдастырды. Қаралы жиынға Амангелді сабақ берген 30 студент қана келді. Сосын Сембинді соңғы сапарға шығарып салдық. «Сен биікте жүруге лайықты азамат едің ғой», — деп, Кеңсайдың ең биік төбесіне қойдық. Иә, өнер жолы оңай емес. Ол бірде байтақ, бірде тайғақ. Ол өмірінде ренжіді, өкінді, толғанды, қуанды. Не істерін білмей қалғанда, оның жаны емес, рухы қиналды. Рух қиналғанда адам шыдай алмайды. Төзімі темірден жаралған біреу болмаса...

«Тума талант иесі Амангелдінің еліне сіңірген еңбегі өте ерекше еді. Мына Азияда ондай әншісі бар халық түрлі байқау ұйымдастырып, көшеге есімін беріп, мұражай ашар еді. Еуропада болса театрдың алдына мүсінін қойып, ескерткіш тұрғызар еді. Бізде сол баяғы, сана-сезім жетпей жатады. Біз кезінде күдіреттің өзі берген адамды сақтай алмадық. Неге? Алланың берген даусымен ол халқын қуантты, тіпті жылатты. Халқының ой-өрісін дамытты. Сондай жанды неге біз ұмыт қалдырдық? Осы біз неге сонша қызғаншақпыз? Неге бір-бірімізді көре алмаймыз? Бір әншісін құрметтей алмайтындай бізге не көрінді? Не басымызға күн туды?», — деген жан ашуын жеткізген ғалым «Менің қолымнен келетіні бар күшімді салып, оның философиясын жазуға тырысамын» деп бізбен жылы қоштасты.

Жазып алған Рая ЕСКЕНДІР.

ІЗЕТ



ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАН ЕДІ

Біз еске алып отырған Ағұлман Төлебаева 1924 жылдың күзінде Қызылорда облысы, Арал ауданы, Ақирек ауылдық советіне қарасты Бекбаулы станциясында дүниеге келеді. Осы жерде бастауыш және орталау мектепте оқып, білім алды. Сосын жеті жылдық мектепті өте жақсы бітіргеннен кейін мұғалімдердің жетіспеушілігіне байланысты оны бастауыш мектепке мұғалім етіп орналастырады.

Осылайша Ағұлман Ұлы Отан соғысы аяқталуға аз қалғанда өз білімін көтеру үшін Қызылорда қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курсқа түсіп, оны тамамдайды.

Содан 1944 жылы Байжан Бижанов деген азаматпен отбасын құрады. Көп ұзамай жолдасының Ауыл шаруашылық министрлігіне қызметке ауысып, Алматы қаласына көшіп келеді. Үш жылдан кейін Қызылорда облысының ауыл шаруашылығын көтеру үшін екі жас Қызылорда қаласында қоныс аударады. Осылайша еңбек жолы басталады. 1949 жылы жолдасы Байжан Бижанов Арал қаласына қызметке ауысып, осында көшіп келеді. Ағұлман орта мектепте сабақ берді. Сол жылдары Қызылорда қаласындағы педагогикалық институтқа түсіп, қызыл дипломмен бітіреді.

Күйеуі Қарақұм қой совхозына директор болып, енді мұғалімдік қызметін осында жалғастырды. Сол күннен бастап өмірінің соңғы жылдарына дейін Ағұлман апай үздіксіз қызмет етіп, жоғары санаттағы ұстаз дәрежесіне дейін көтеріледі. Ол бірнеше рет аудандық, облыстық оқу бөлімдерінің, Халық ағарту министрлігінің және Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен марапатталды.

Ағұлман қазақ тілі мен әдебиет пәнін балаларға жете түсіндіріп, жаңа методикалар, жаңаша сабақ беру тәсілдерін пайдаланды. Оқушылар өлең жазуға, қара сөзбен өздерінің жүрегінің ізденістерін ой-өрістерін айта білді.

Осындай еңбектерін бағалап Ағұлман Төлебаева 1957 жылы Алматыда өткен үздік оқытушылармен Қазақстан Жазушылар одағының конференциясына шақырылады. Ол осы жолы Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, тағы басқа ұлы жазушылармен кездеседі.

Ағұлман поэзияны өте жақсы көрді, өзі де өлең жазып, аудандық, облыстық газет беттерінде жарық көрді. Ұстаз Ағұлман апамыз қазақ тілін реформалауда да көп еңбек етті.

Осылайша қазақ тілінің нағыз жан ашыры Ағұлман Төлебаева 1971 жылы ауыр науқастан 47 жасында дүние салды. Сонында қалған ұрпақтары ұлы ұстаздың туғанына 100 жыл толуына орай, Сыр елінде еске алып, ас беріп жатыр.

Тағаймұрат ӘЛИЕВ,
зейнеткер.

БАЙҚАУ

Алматының ең «Үздік педагогын» білесіз бе?

Алматы қаласында «Үздік педагог» конкурсы 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Дәстүрлі байқау осымен он екінші рет ұйымдастырылып отыр. Байқауды ұйымдастырушылардың айтуынша, басты мақсат – педагог мәртебесін көтеріп, білім саласында жоғары жетістіктерге жеткен педагогтарды анықтау.

Сонымен, байқаудың алғашқы кезеңіне орта білім беру және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 110 педагогы қатысуға ниет білдірген еді. Олардың 47-сі қалалық кезеңге жолдама алды.

Байқаудың II кезеңінің қорытындысы бойынша ең үздік жеңімпазға «Үздік педагог» атағы берілді. Сонымен қатар, жалпы орта білім беру ұйымының 13 педагогы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 7 педагогы куәлік алды.

«Үздік педагог» республикалық байқауына жалпы орта білім беру ұйымының 6 педагогы, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 4 педагогы қатысатын болды.

Жалпы, «Үздік педагог» атағын беру қағидаларының 54-тармағына сәйкес республикалық кезеңге қатысып, бірақ онда жеңімпаз болмаған «Үздік педагог» конкурсының II кезеңінің (қалалық) жеңімпазына өңірлік комиссияның шешімі бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 6-тармағына сәйкес жергілікті бюджет есебінен бір реттік сыйақы төленетін болады.

Сонымен, республикалық «Үздік педагог» байқауында Алматы қаласының абыройын қорғайтын педагогтарға ақ жол тілейміз!

ЕҢБЕК АДАМЫ

ЖЕҢІСКҮЛДІҢ ЖОЛЫ



Өмірде тағдыр жолы әрқилы жандар болады. Біздің кейіпкеріміз ұлағатты ұстаз Жеңіскүл Иманғалиқызының да тағдыр жолы сан қилы белестен тұрады. Үнемі ізденісте жүретін Жеңіскүл нағыз еңбек адамы. Оның дүние есігін ашқаннан көргені Сырдың сары даласы, Аралдың арманға ұқсас шексіз байтақ құмы болды.

Содан да болар, ол үнемі ауыл туралы ойлайтын. «Адам топырағына тартады» деген рас екен, Жеңіскүлдің арманы ұстаз болып, ауыл балаларын оқыту болатын. Осылайша жас қыз Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтының «Тарих, адам және қоғам пәндері» мамандығын тандап, арманына қол жеткізеді. Араға жылдар салып, жас маман өзі бітірген Арал қаласындағы №83 орта мектепте алғашқы еңбек жолын бастайды. Қара шаңырақ ҚазҰУ-дің аспирантурасын да ойдағыдай аяқтайды.

– Ата-анам үнемі өмірде жар таңдау мен мамандық таңдағаннан қателеспейдер, жолдарыңның болғаны деп жиі айтып отырушы еді. Ата-анамның тілегі шығар, өмірдегі серігімді тауып, өзім қалаған мамандықтың да иесі атандым. Үлкен ортаға қоныс аударып, Алматыдағы №122 мектепте тарих пәнінен сабақ бердім. Сосын директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары сынды жауапты қызметті атқардым. Білім басқармасы №127 жалпы білім беретін мектеп директоры қызметіне ұсынды, – деп еске алады Жеңіскүл Иманғалиқызы.

Алматы қаласында ұзақ жылдан кейін мектеп салу ісі қолға алынып, «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасы аясында 4 мектеп бой көтеретін бо-

лады. Бірде қалалық Білім басқармасын басқарған білікті басшы Рахат Шимашева Жеңіскүл Сатаеваны шақырып, Түркісіб ауданына директор болып баратынын ескертеді. Осылайша бағдарлама бойынша бой көтерген №84 жалпы білім беретін мектепке директор етіп бекітеді.

– Білім саласының білгірі Рахат Сейдахметқызының өзі сенім білдіріп жатса, ол кісіге уәж айтып, қарсылық білдіру қайда. Іштей жүрексінем де, келістім. Оның үстіне ол кезде балаларым да жас болатын. Дегенмен, жолдасым Тойлыби бұл жолда да маған тірек болды. Сонымен не керек, «Көз қорқақ, қол батыр» демекші, іштей тәуекел деп, жаңа ортадан бір-ақ шықтым, – дейді Жеңіскүл Иманғалиқызы.

Өмірден көргені, түйгені мол Жеңіскүл Сатаева бұл күні Алатау ауданындағы

№181 жалпы білім беретін мектепке басшылық етеді. Еңбек жолында оқушылардың тәрбиесі мен білімін және ұстаздардың кәсіби деңгейін арттыру жолында өзі үлесін қосып келеді. Өзі де авторлық бағдарламалар мен кітаптарын ұсынып, мектеп мұғалімдеріне үлгі көрсетті. Тарихшы ұстаздың 50-ге жуық мақаласы ғылыми және әдістемелік журналдарда жарияланды. Бірнеше республикалық басылымның редакция алқасының мүшесі.

Білім саласында 30 жылдан астам еткен еңбегі текке кетпеді. ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен, «Бейбітшілік әлемі» бірлестігінің «Лидер образования» медалімен марапатталды. Қоғамдық ғылыми академияның академигі, ҚР Журналистер одағының мүшесі атанды.

Өткен өмірінің көлеңкелі тұсы да жоқ емес. Жеңіскүл үшін жолдасы Тойлыби Жетпісбаевты жоғалту оңайға түспеді. Отағасының орны ойсырап, жоғы білінді. Қасында Тойлыбиі барда алыс жақын, ауыр жеңіл көрінеді екен. Жан жары жігіттің сұлтаны, арқасүйер қорғаны еді. Дәтке қуат етері – ұлы Қуаныштың қуанышын көріп үлгерді. Сондай қиын кезде өзі үлгі тұтып, анасындай ардақтайтын Аягүл Төреқызының жұбату сөзі жанына демеу болғанын үнемі еске алып отырады.

– Аягүлдей ардақты ұстаздың аналық ақылын тыңдап, балаларым үшін, өзім үшін өмір жолын жалғастыру керек екенін түсіндім. Қазақта «Орнында бар оңалар» деген жақсы сөз бар емес пе? Бүгінде ұлым Қуаныш пен келінім Айдана IT саласының инженері. Осы салада жемісті еңбек етіп жүр. Немерелерім Айсун мен Алайяның әже деген бір ауыз сөзін естіген сәтте бар қиындықты ұмытып кетемін. Қызым Сунейя халықаралық қатынастар саласының маманы, – деген Жеңіскүл Сатаеваның әлі де биік белесті бағындыра берері сөзсіз.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЖАПЫРАҚ ЖАЙРАП ЖАТҚАНДА...

Қазан айы жылдық кезегін бастап кетті. Қазекен бұл айды бозқырау, қазқайтар деп те атаған

Өткен жолғы пайымымызда Қазан айы жөнінде: «Бозқыраудың басы: ұйытқыған дауылы, өрекіпген қара желі бар, тұщы шөптердің қурайтын, ащы шөптердің түшпеген кезі, күздің қаһарлы айы...» деген едік. Жорамалымыз келді. Қазан айының алғашқы күні-ақ ертеңгісін бозқырау көрініс берді...

Жыл сайын байқап жүргеніміздей, талдың басында жапырақ қалмайтын осы ай. Жапырақ жауатын да осы кез. Қазан айы – салқын ай, ызғары, желі мен дауылы дайын тұрады. Қазанның желі бірнеше апталық кезге бөлінеді. Әрқайсысының өз атауы бар. «Үлкен қазан», «Кіші қазан», «Қаражел», «Бұғы мүйіз», т.б. амалдар. Бұрындары қазан сөзінің қайдан шыққаны туралы ел болжамын, бірнеше қисын келтіргенбіз.

Халықта «қазан қайдан келеді» деген сөз бар. Бұл туралы табиғатпен оқта-текте сырласып жүрген сырбойылық ақын Дүйсенбек Аяшұлының пайымына назар аударайық.

«Жеті қырдың астынан ақырып келеді, жеті жынын шақырып келеді, жеті сауал арта келеді, жеті сауап тарта келеді» дейді. Жеті сауабы немесе жеті сауалы не дейсіз?

«Егінін ді егейін бе?» деп келеді. Бұл сөздің астары ақ егісті һәм жеміс ағаштарын отырғызуды меңзеп айтса керек. «Қырманынды суырайын ба, қызылынды қуырайын ба?» деп келеді, мұнысы түсінікті, жиын-терімді айтып отыр. «Бөркінді теріс кигізейін бе?» дейтіні тағы бар. Бұл «қазанның қара дауылы» деген желді еске түсіреді. «Тұнығынды ылайлайын ба?» десе, онысы өзен-көлдің тартылуы, бұлақтардың сарқылуы. «Тұмарынды жұлайын ба?» деп келетіні – «қазанның жапырақ желі», яғни жапырақтардың түсуі, жемістердің пісуі. Ақырында «Төбеңнен құйайын ба, төменнен сыпырайын ба?» деп келеді екен. Оның алғашқысы жаңбыр, тұман, қар сияқты құбылыстар болса, соңғысы «қазан ұрды» дейтін ызғырықтың сипаты.

Халықтың қазанға берген бағасы қандай, ә? Мұның қай-қайсысы да қазақтың мың жылғы тәжірибесінен түйгені, көзбен көріп, көңілге тоқығаны.

Бұл мезгіл суық түндер мен сұрғылт күндердің, «кәрі құда» қыстың қыр астына келгенін ескертеді.

Айдың он төртіне боқырау деген амал келеді. Бәріміз білеміз оны. Боқыраудан тоқырамай өтер болсақ, қар жауып, мұзға тайып жүрмесек, қыс жылы болады екен, мұны да «синоптик» қара шал айтқан.

Қаңқылдап қаздардың, тыраулап тырналардың жылы жакка қайтатын мезгілі де осы – қазан.

Енді мен ешкім біле бермейтін бір құпиясын айтайын. Былайғы жұрт ақындар жақсы, сұлу өлеңді көктемде жазады деп ойлайды. Олай емес, ақындар дәл осы айда шабыттанады. Жылыстап бара жатқан жылылықты қимай ма, кең дүниеге сыймай ма, оны ақындардың өздері ғана біледі...

Дүйсенбек ақынның сөзінде шындықтың ізі жатыр. Жуырда «Еларнаға» берген сұхбатында белгілі ақын-композитор Елена Әбдіхалықова шығармашылықпен көктем мен күз мезгілінде шұғыл-

данатынын тілге тиек етті. «Есіңе мені алғайсың» әнін күзде жазғанын айтты.

«...Құлазып тұрған бақтарда, Жапырақ жайрап жатқанда,

Қурайлар сыңси қаққанда, Есіңе мені алғайсың...» – деп төгілген өлеңді Мұқағали ақынның да бәлкім, күзде жазбағанына кім кепіл?



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Қазан айының алғашқы жартысына арнап жасалған жорамал:

- * Егер бұлт желге қарай көмсе, онда кешікпей қар жауады, бұлт ортасынан ыдыраса, ауа райы бұзылады.
- * Бұлт шетінен ыдыраса, онда ауа райының оңдалаыын дегені.
- * Оңтүстіктен ұзақ соққан жел бағытын өзгертіп, шығыс жақтан соғар болса, ауа райы жақсарады.
- * Оңтүстіктен соққан жел бағытын өзгертіп, батыстан соғар болса, ауа райы бүлінеді.
- * Бұлт көкжиектен будақ-будақ өркештенге көтеріліп, іле-шала көрінбей кетсе, онда қатты жел тұрып, қақаған аяз болмақ, бұлт өркештенген күйі көтеріле берсе, қалың қардың белгісі.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және
тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777078 53 48, 8 7472041970
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге
дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.**
**Нөмірдің таралымы –
10 260 (жұма)**

**Кезекші редактор –
Олжас ЖОЛДЫБАЙ**

Газет «Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің Ақпарат комитеті»
республикалық мемлекеттік
мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ17ВРУ00085956
күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет -ның компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
қозқарасын білдірмейді.
Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да
басылды. 050026, Алматы қаласы,
Мұқанов көшесі, 223 В.
Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»
әуе компаниясының бизнес-класс
бортында және «Жолаушылар
тасымалы» АҚ пойыздарындағы
жолаушыларға қолжетімді.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу науқаны басталады

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы почтамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 6 айға – 3680,40 теңге, 12 айға – 7360,80 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 6 айға – 7893,72 (қала), 4820,40 (ауыл) теңге, 12 айға – 15787,44 (қала), 9640,80 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 6 айға – 2360,40 теңге, 12 айға – 4720,80 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.
Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ВАКЦИНАЦИЯ

Папилома вирусынан сақтаныңыз!

Қазір қоғамда папилома вирусы туралы көп айтыла бастады. Сондықтан біз оның алдын алып, одан сақтануымыз керек. Адам папилома вирусын (АПВ) қалай анықтауға болады? Оның басты белгісі вирус папилломасы терінің шырышты, кілегейлі қабықтарында білінбейтін кішкене өсінділердің пайда болуымен ерекшеленеді. Сондай-ақ, жыныстық мүшелердің шырышты қабаттарында да үшкірленген кондиломалар өсінділер байқалуы мүмкін. Міне, осылайша ол әртүрлі теріде сүйелдердің, ұшықтардың, өсінділердің пайда болуымен ерекшеленеді. Уақытылы емделмесе, осы айтылған жатыр мойны обырына, анальдық тесік, ауыс қуысы, жыныстық мүше обырына алып келуі мүмкін.

Бұл дерт әйел де, ер-азаматтарда да көп кездеседі. Негізінен, осы вирусты тасымалдайтын тасымалдаушымен жыныстық қатынас барысында жұқтырады. Сонымен қатар, тұрмыстық жағдайларда да жұқтыру мүмкіншілігі жоғары. Көбіне осы вирусты жұқтырғанда жұқтырған адам бұл вируспен зақымданғанын білмей де қалады. Өйткені, вирус өзін клиникалық көріністерін айқын көрсетпеуі де мүмкін.

Папилома вирусы немесе адам вирус папилломасы (АПВ) – ол папилома вирустық топтардан құралған, 5 тұқымдастықтан шыққан 27 түрі бар. 200-ден астам типтес вирустық топ, вирустың кейбір штамдары онкология тудыруы мүмкін.

Адам папилома вирусы (АПВ) – өзімен-өзі кетіп қалмай, жатыр мойнының жасушаларына көптеген өзгерістер әкелуі мүмкін, сонымен қатар рак алды қабынуларға да, уақытылы емделмеген жағдайда, жатыр мойны обырына алып келуі мүмкін. Статистикаға сүйенсек, адам папилома вирусын жұқтырған адамдарда, инкубациялық кезең бірнеше айлардан 10–15 жылдың ішінде жатыр мойны обырының өршуіне алып келуі мүмкін. Ең қауіпті тудыратыны ол 6,11,16,18-ші тұқымдастықтан туындайтын вирустар тобы.

Жұғу жолдары – тұрмыста жанасқанда, жыныстық жолмен, жүкті әйелден ішіндегі балаға жұғады. Бүгінгі күні дәрігерлер дабыл қағуда, өйткені статистикаға сүйенсек, Қазақстанда жатыр мойны обы-

ры таралуы бойынша барлық жастағы әйелдердің арасында сүт безі обырынан кейін екінші орында тұр және 25–44 жас аралығындағы әйелдерде көп кездесіп, өлім-жітімге алып келуде. Қазақстанда жыл сайын 1900-ге жуық әйел жатыр мойны обырымен тіркеліп, жылына 600-ден астам әйел осы кеселден қайтыс болып жатыр.

Аурудың алдын алу шаралары:

– Күмәнді адамдармен жыныстық қатынасқа түспеу;

– Имунитетке мән беру, жыныстық ағзаларды таза ұстау, жарақат алмауға, қабынуға жол бермеу; Адамның имунитеті жоғары болса, вирусты әлсіретіп басып жоюы мүмкін, ал егер де имунитеті күрт төмендесе, онда вирустың әсері жоғарылап, асқынуларға алып келуі мүмкін.

– Әйел адамдарға уақытылы жылына 2 рет дәрігерге көрініп тиісті зертханалық зертпеге анализ тапсырып отырғандары дұрыс;

– Ең бастысы АПВ-ны алдын алудың басты жолы, вирусқа қарсы екпе алу.

Адам папилома вирусына (АПВ) қарсы вакцина жатыр мойны обырынан қорғайды, сонымен қатар адам вирус папилломасына қарсы вакцина әйелдің бала туу қабілетіне әсер етпейді.

АПВ-ға қарсы вакциналау әлемнің 135 елінде жүргізіледі, сонымен қатар көршілес елдерде 2013-2014 жылдардан Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстанда, Ресейде де жүргізілуде. Әлемдік деңгейде

АПВ-ға қарсы вакцина өзінің қауіпсіздігі мен тиімділігін дәлелдеген. Сонымен қатар, жасөспірім қыздар арасында вакциналаудан кейінгі жағымсыз реакциялар тудырғаны жөнінде дәйек тіркелмеген.

Бүгінгі күні еліміздің Ұлттық егулер күнтізбесіне кірген екпелердің саны күннен-күнге артуда. Өйткені, Ұлттық күнтізбеге сәйкес жұқпа көздеріне қарсы Қазақстан Республикасы азаматтары тегін екпе ала алады.

Қазақстанда адам папилома вирусына (АПВ) қарсы вакциналау 11 жастағы қыздарға жасалады, өйткені Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымдары деректері бойынша АПВ вакцинасын ерте жаста, яғни 9–14 жас аралығындағы жасөспірім қыздар арасында қолдану барынша тиімді.

Вакцина білім беру ұйымдарындағы егу кабинеттері арқылы тегін негізде қолжетімді болады. Вакциналауға ата-анасынан немесе қамқоршыларының ақпараттандырылған келісімдерімен жүргізіледі. Сонымен қатар, вакциналауға денсаулығында ақауы жоқ, сау балаларға дәрігердің қарап тексерулерінен кейін, қарсы көрсетілімдері болмаған жағдайда жүргізіледі. АПВ вакцинасы имунитеті төмен әлсіреген адамдар үшін де қауіпсіз. Вакциналау Гардасил вакцинасымен жүргізіледі, 6 ай интервалымен екі рет жүргізіледі.

Тағы бір, маңызды мәселе – Қазақстан Республикасы бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің 2024 жылғы 17 қыркүйектегі №11 қаулысында, ата-аналардың (заңды өкілдерінің) ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін 12 жастан бастап 13 жас 11 ай 29 күнді қоса алғанға дейінгі жастағы қыздарға АПВ-ға қарсы толықтыра вакциналау жүргізілетінін хабарлар етеміз.

Жасөспірім қыздарды АПВ-ға қарсы вакциналау арқылы Сіз оларды болашақта онкологиядан қорғайсыз!

Асима БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
Әуезов ауданы
санитариялық эпидемиологиялық
бақылау басқармасының басшысы.



www.instagram.com/
aqshamy.official



www.facebook.com/
aqshamy.official



www.youtube.com/channel/
UCxz3M2xrJCHx6Br1JggyqeA



web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz



vk.com/
aqshamy.official



twitter.com/
aqshamy_kz



ӘРІПТЕС ӘЛЕМІ

ЖАРАЙСЫҢ, САМАТ!

«Ақшамның» фототілшісі Түркияны таңқалдырды

Қазақтың дүниетанымында «Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» дейді. Еңбектің бір рашатының өзі сол болса керек. Дәп осы тәмсіл журналистика саласы мамандарына қарата айтылғандай. Соның ішінде фототілшілікті құнды өнер дер едік.

Біздің Alatau Aqparat медиахолдингіне қарасты «Алматы ақшамы» газетінің фототілшісі Самат Құсайынов Түркияда іссапарда жүр.

Alatau Aqparat медиахолдингі мен «ТҮРКСОЙ» халықаралық түркі мәдениеті ұйымы бірлесіп, «Алматы ақшамы» газетінің фототілшісі Самат Серікбайұлының «Ұлы даланың салт-дәстүрі» – Türk Yurtlarında Büyük Bozkırın Kültürü атты фотокөрмесін Анкарада ұйымдастырды.

Құсайынов Самат Серікбайұлы – Сарысу ауданының тумасы, қазақ журналистикасының қайраткері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Ақпарат саласының үздігі», «Алматы ақшамы» газетінің фототілшісі. Ұзақ жылдар бойы қазақ баспасөзінде еңбек етіп келе жатқан Самат Серікбайұлы еліміздің мәдени-

әлеуметтік өміріндегі маңызды оқиғаларды фото арқылы халыққа жеткізіп келеді. Ол қазақтың мәдениеті мен табиғатын, дәстүрі мен рухын бейнелеу арқылы тарихи құндылықтарды сақтауға зор үлес қосып жүрген кәсіби фотожурналист.

«Ұлы дала мәдениеті» көрмесі – Қазақ даласының тарихы, мәдениеті және өмір салтын таныстыру мақсатындағы ерекше іс-шара. Көрме Қазақстанның кең байтақ географиясын, оның тарихи және мәдени мұрасын, дала тұрғындарының табиғатпен үйлесімді өмірін бейнелейді.

«Ұлы дала мәдениеті» көрмесінде Самат Серікбайұлы Қазақстанның әр аймағындағы адамдардың күнделікті өмірін бейнелеп, олардың қонақжайлылығын, дәстүрлерін және табиғатпен байланысын көрерменге әсерлі жеткізді. Оның шығармалары ұлттық мәдени мұра ретінде бағаланып, фотожурналистика саласындағы жетістіктерімен халық арасында танымал.

Көрменің басты мақсаты – Қазақстанның мәдени мұрасын танытып, Ұлы Даланың бай тарихын көркем тілмен баяндау.



**Ұлы Даладан – ұлағат,
Сүйінсін бүкіл жұрағат.
Көрмең болсын көрікті,
Түркі әлеміне мұрағат!**



Р.С. Ел арасында «Елуде – ел ағасы» деген аталы сөз бар. Расында, осы ұлағатты ойдың астарында талай мағына жатыр. Атажұрттан Анадолыға барып қазақтың ұлттық құндылықтарын фотоөнерімен танытып жүрген ақжарқын жүзді арда азамат Самат Серікбайұлына алар асуың алда болсын деп, әріптестер болып тілек білдіреміз!

Көрмеге ТҮРКСОЙ Бас Хатшысы Султан Раев, «TÜRKTAV» Түркі тарихы мәдени қорының атқарушы директоры Әсел Лахаева, Анадолы мәдениеттері музей директоры Юсуф Кырач және т.б. қонақтар қатысты. Әріптесіміз, белгілі фото маман Самат Құсайыновқа ТҮРКСОЙ Бас Хатшысы Султан Раевтың Алғыс хатын көмекшісі Мелик Өзсөз табыстады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Самат ҚҰСАЙЫНОВ, ҚР «Ақпарат саласының үздігі»:

Анадолы музейінде фотоөнерімді көрсету – зор мәртебе!

– Менің мақсатым – қазақ мәдениетін, ұлттық ойындарды, әдет-ғұрыпты сурет өнері арқылы дәріптеу. Түрік, әзірбайжан, тәжік – бәрі-бәрін ұстап ұйытып тұрған ол – ұлттық салт-дәстүр. Біз Анадолыда, жалпы шет мемлекеттерге қазақтың да рухани дүниесі бай екендігін дәлелдей түскіміз келеді.

Біздің көрме Түркияның «Анадолы Өркениеттері мұражайында» ұйымдастырылды. Мұражай негізі – 1921 жылы қаланған. Музей Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүріктің басшылығымен кеңейіп, ғимараты жаңарады. Бүгінде мұражайда неолит, қола дәуірі, Ассирия мен Урарту, хетиттер мен фригиялар, Ежелгі Греция мен Ежелгі Рим, Византия және Осман империясы өркениеттерінен жинақталған коллекциялар сақталған. Тіпті, тарихы 7500 жылға баратын жәдігерлер бар. Бұл аумақ «Ұлы Жібек жолының» ұйытқысы болған. Осыған қарап туған өлкем Тараз бен Анадолы арасында да мәдени сабақтастық болғанын сеземін.

Түркі фототілшілерінен аса айырмашылық бар деп айта алмаймыз. Әйтсе де, түрік ағайындарда 1984 жылы «Түрік фото одағы» құрылып-

ты. Быыл 40 жылдық мерейтойы екен. Біз де сонда қонақ болдық, пікір һәм тәжірибе алмастық. Өздерінің іргелі журналы шығатын көрінеді. Әртүрлі тематикаға байланысты атымтай азаматтардың қолдауының арқасында фотоөнерді шығарып, дәріптеп отырады.

Анадолы музейінде фотоөнерімді көрсету – зор қуаныш әрі құбылыс! Түркі мемлекеттерінің ынтымақтастық күніне орай ТҮРКСОЙ және Alatau Aqparat медиахолдингінің бастамасы әрі қолдауымен Анкара төрінде жеке фотосурет көрмем ашылып жатыр. Мен үшін бұл үлкен мәртебе, қуаныш. Суреттерімде түркі елдердің ортақ құндылықтарын, салт-дәстүрлерін көрсеткім келді.

Қазақтың фото өнерін алыс-жақын шет елге, бауырлас түрік жұрты Анадолыға паш етіп жүрген әріптесімізге «Алматы ақшамы» газетінің белді тілшісі Айнабай Мәди жыр шуақтарын арнады.

Айта өтейік, әйгілі фототілші Самат Серікбайұлының шығармашылық кеңі туған жері көне Тараз жерінен бастау алып, бауырлас тілі, ділі, діні бір түбірлес Түркия елінде жалғасын тапты.